

# **БИЗНЕС САБАҚТАРЫ**

# МАЗМҰНЫ

---

|                                                                        |           |
|------------------------------------------------------------------------|-----------|
| <b>Кіріспе</b>                                                         | <b>4</b>  |
| <b>I Бизнес неден басталады?</b>                                       | <b>6</b>  |
| Кәсіпкерліктің психологиясы                                            | 6         |
| Бастаудың негізгі қадамдары                                            | 7         |
| Кәсіпорын құру                                                         | 11        |
| Қолданыстағы ноу-хауды (франчайзинг) пайдалану                         | 13        |
| Кәсіпорынды сатып алу                                                  | 14        |
| <b>II Бизнес-жоспар</b>                                                | <b>15</b> |
| Бизнес-жоспар дегеніміз не                                             | 15        |
| Бизнес-жоспар қандай бөлімдерден тұрады?                               | 16        |
| <b>III Кәсіпкерліктің заңдылық аспектілері</b>                         | <b>18</b> |
| Кәсіпкерліктің түрлері                                                 | 18        |
| Бизнестің нысаны                                                       | 19        |
| Жеке кәсіпкерлік                                                       | 20        |
| Жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті қалай алуға болады | 24        |
| Заңды тұлғаны қалай тіркеуге болады?                                   | 24        |
| Шағын бизнеске салық салудың ерекшеліктері неде?                       | 25        |
| Патенттің ерекшелігі                                                   | 26        |
| Патентті қалай алуға болады                                            | 27        |
| Кім және қаншалықты жиі тексеру жүргізе алады?                         | 29        |
| Шарт дегеніміз не?                                                     | 31        |
| Бақылау-кассалық машиналары не үшін керек (БКМ)?                       | 34        |
| <b>IV Маркетингтік қызмет</b>                                          | <b>36</b> |
| Маркетинг дегеніміз не?                                                | 36        |
| Маркетингтің құралдары                                                 | 37        |
| <b>V Кәсіпкерге арналған қаржы</b>                                     | <b>39</b> |
| Несиенің түрлері                                                       | 40        |
| Банктік несие не үшін қажет?                                           | 42        |
| Банкті қалай дұрыс таңдауға болады?                                    | 43        |

## **VI Қызметкерлерді басқару** 44

|                                           |    |
|-------------------------------------------|----|
| Бизнестегі қызметкерлердің рөлі қандай?   | 44 |
| Қызметкерлерді алуды қалай жүргізу керек? | 45 |
| Жұмысқа қабылдауды ресімдеу қағидалары    | 46 |

## **VII Кәсіпкерлік тәуекелі** 46

|                                      |    |
|--------------------------------------|----|
| Тәуекелдің туындау себептері қандай? | 46 |
| Тәуекелді қалай төмендетуге болады?  | 48 |

## **VIII Кәсіпкерлерге арналған ІТ** 50

|                                                      |    |
|------------------------------------------------------|----|
| Сайт не үшін қажет?                                  | 50 |
| Хостинг және сайтқа арналған домендік есім деген не? | 50 |
| Интернеттегі жарнаманың ерекшелігі неде?             | 51 |
| Интернет-дүкендерінің ерекшелігі неде?               | 51 |

## **Бірінші қадамдарда іске асырғанда мемлекеттік қолдауды қалай алуға болады екен** 54

# КІРІСПЕ



## ІСІН ЕНДІ БАСТАП ОТЫРҒАН КӘСІПКЕР, КҮНІҢІЗ ЖАРҚЫН ЖӘНЕ ТАБЫСТЫ БОЛСЫН!

Қазақстан Республикасының "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы ("Атамекен" ҰКП) Сізге өз бизнесіңізді ашуға деген қызығушылығыңыз үшін алғысын білдіреді!

Бүгінгі күні Сізді көптеген сұрақтар мазалап жүрген болар:

«Мен өзіме пайда әкелетін фирма ашып, жақсы кіріс алатындай табысқа қалай жете аламын?».

«Менің қаламда, ауданымда қандай жоба немесе бизнес ашқан дұрыс?»

Сіз, әрине, мұндай ойлар мазалайтын Қазақстандағы жалғыз адам емессіз.

Өз мүмкіндіктеріңіз бен күшіңізді қалай бағалауға болады?

Дұрыс шешімді қалай қабылдап, мүмкіндіктерді орайлы пайдалану арқылы өз ісін ашып, табысқа кенелуге болады?

Сіздің кәсіпкерлікке дайындық деңгейіңізді анықтауға көмектесу үшін "Атамекен" ҰКП Сіз қолыңызда ұстап отырған оқу құралын әзірлеп шығарды. Егер Сіз осы оқу құралын оқуды бастаған болсаңыз, демек Сіздің өз мақсатыңыз, ұмтылысыңыз, сеніміңіз бар деген сөз! Қалғаны тәжірибе арқылы және күнделікті жұмыспен келеді.

Ең алдымен біз Сізге өз ісіңіз бен еңбегіңіздің сәттілігіне өте күшті ықпал ететін бірнеше "тілектерді" көңіліңізге тоқып алуға кеңес береміз:

**«Өз арманыңа адал бол»**

**«Өз ісіңізді бастауға, жаңа әдеттерді енгізуге және сүйікті ісіңізбен айналысуға ешқашан кеш емес. Өз дүниеніңізді кеңейтетін нәрсені іздеуден танбаңыз»**

**«Күнделікті шағын жақсартулар ауқымды табысқа алып келеді»**

мұның бәрі табысты бизнеске қадам санап жақындауға көмектесетін тілектердің бір бөлігі ғана. Кәсіпкерліктің "бизнес сабақтары" атты экспресс-курсын "Атамекен" ҰКП негізінен ісін енді бастап отырған кәсіпкерлерге арнап әзірледі, бірақ мұны өз ісін бұрын ашып алған басқа кәсіпкерлер де пайдалана алады.

Берілген оқу құралында әртүрлі басылымдардан, кітаптардан, оқу құралдарынан, кәсіпкерлік бойынша анықтамалықтардан жиналған пайдалы ақпарат бар. Оның ішінде 2009 жылғы халықаралық Қазақстан-Германия бағдарламасы шеңберінде әзірленген "Өзіндік өркендеу жолы" оқу құралы, "Халықаралық Бизнес Академиясы" ОФҚ "Кәсіпкерліктің экспресс-курсы",

"Атамекен" ҰКП "Шағын бизнеске арналған 100 жоба" атты анықтамалығы және басқа басылымдар да бар.

Аталған жол нұсқаушының мазмұны үш сатыдан тұрады:

1. «Барлығы неден басталады».
2. «Өз ісіңізді ашу кезінде Сіз нені білуіңіз керек»
3. «Сіздің кәсіпорынның жұмысын қалай ұйымдастыру қажет»

**Анықтама үшін:**

*Оқу құралы Қазақстан бойынша тегін таратылады.*

*Біз осы оқу құралының материалдары бизнесті ашу және жүргізу, құқық мәселелері бойынша ақыл-кеңес ретінде қарастырылуы мүмкін екенін хабарлаймыз. Оқу құралын өзірлеушілер ондағы көрсетілген материалдарды пайдалануға байланысты тікелей немесе жанама зияндар, жіберіп алған пайда немесе жағымсыз салдар үшін жауап бермейді.*

*Сонымен қатар, анықтамалықтың берілген нұсқасындағы материалдардағы тұжырымдамаларды, ережелерді, нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін, мәтіндердің берілген нұсқаларын осында жарияланатын нормативтік құқықтық актілердің негізі ретінде немесе мәтіндегі қандай-да бір олқылықтар ретінде қолданудың көз келген салдары үшін жауап бермейміз.*

*Қазақстан Республикасының "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңына сәйкес осы оқу құралының кез келген деректеріне (ақпараттық хабарлама және т.б.) сілтеме жасау авторлық құқықтың объектісі болып табылмайды.*

# I БИЗНЕС НЕДЕН БАСТАЛАДЫ?



Экспресс-курсты оқудың алдында, бір сәт аялдап, бизнесіңіздің идеясы туралы ойланыңыз, Сіз қандай мақсатты көздеп отырсыз, неге қол жеткіңіз келеді осыны айқындадыңыз ба? Нарықта сіздің қызметіңіз қалай орнығу керектігі туралы ойландыңыз ба? Сіздің қызметіңіз болмаса шығарған тауарыңыз кімге арналады? Сіз бәсекелестеріңізді білесіз бе? Сіздің тауарыңыздың өндірісі немесе қызмет аяңыз кімге бағытталады және қалай ұйымдастырылады? Сіздің бизнесіңіздің келешегі қандай?

Қызметтің мақсаты туралы толыққанды түсінік жұмысты жоспарлау барысында аса қажет. Егер сіз нені дiттегенiңiздi анық бiлетiн болсаңыз, қарым-қабiлетiңiздi орнымен керек жерiнде пайдалана аласыз, жетiстiктiң кiлтi осында.

Жетiстiкке жету үшiн сiзге Кәсiпкерлiктi қолдау орталығының бiлiктi қызметкерлерi мен бiздiң Экспресс курс көмекке келедi. Көп жылдық тәжiрибемiзге жүгiне отырып бiз сiзге мынаны айта аламыз, кәсiпкерлiк еңбек бұл- өте қиын, көпсалалы, соған қарамастан сiзге материалдық және моралдық қанағат сезiмiн сыйлай алады. Ал, бiз сiзге алғашқы адымыңыздан бастап қолдау көрсетуге дайынбыз.

Кәсiпкер басқа адамдардан қалай ерекшеленедi? Егер сiз ешқандай ерекшелiгi де айырмашылығы да жоқ десеңiз, жаңылысасыз. Келесi азат жолды оқығанша ойлануға мүмкiндiгiңiз бар. Табысты кәсiпкер дегенiмiз бұл- дiттегенiне жете бiлетiн, ынталы, iске құлшына кiрiсетiн, ептi жан.

Егер сiз кәсiпкер бола тұра мұндай анықтамаға адамдардың аз ғана тобы лайық деп ойласаңыз; қалған адамдар өз iсiн бастамау үшiн мың сылтау ойлап табады:

- Iстi бастап алып, ештеңе шығара алмай қалсам ше?
- Оны кiм сатып алады дейсiң, әлеуеттi клиенттердiң ақшасы жоқ.
- Салық органдары кез-келген бастаманы тұншықтырып тастайды.
- Елде дағдарыс болып жатқанда.
- Iстi бастауға капитал жоқ.
- Криминалдық қысым жасау қаупi бар.

Шынында солай ма? Кейде қате пiкiрлер адамдардың тағдырына керi әсерiн тигiзетiнiн ескерiңiз. Қауiп туралы ойлағанда неге тәуекелге бел буып өз iсiн ашып, командасын құрып, бәсекеге төтеп берiп, жаңа идеяларын жүзеге асырып, нәтижеде табыс тауып отырған таныстарыңыз туралы ойламасқа. Бизнесiңiң ең басты мақсаты- табыс табу емес пе.

Жоғарыда аталған себептер кәсіпкерлік қызметі азаматтардың өзіндік бастамасымен немесе бірлестік құру арқылы мүлтік жауапкершілікті ала отырып табыс табуға бағыттағанда туындауы мүмкін. Жалпы жеке істі бастаудың себептері әртүрлі. Кейбіреулер өзінің кәсіпкерлік

талантын көрсеткісі келеді, ал біреулер, жеке идеясын жүзеге асырады, тағы біреулер жұмыссыздықтың алдын алады. Ал, сіздің қалауыңыз не? Сіз еркіндігіңізді ақша табу үшін шектей аласыз ба?

Шындығында басқа да кәсіптер сияқты, жеке бизнесіңді бастауда да өзіндік артықшылықтар мен кемшіліктер болады:


| Артықшылықтар                                | Кемшіліктер                     |
|----------------------------------------------|---------------------------------|
| Шешім қабылдаудағы еркіндік және тәуелсіздік | Үлкен тәуекел                   |
| Мол кіріс                                    | Кірістер көлемінің тұрақсыздығы |
| Шығармашылық қабілетерді жүзеге асыру        | Өз қаражатыңды салу қажеттілігі |

Аптасына 6-7 күннен 10-15 сағаттан жұмыс істеу қажеттілігі

Басымдықтарға күш сала отырып сіз кемшіліктерді азайтасыз, өйткені Сіз басты мақсатыңызды жүзеге асырып отырсыз- өз ісіңізді бастап, табыс табасыз және дербестік аласыз.

## Фирма жұмысқа кіріскенге дейінгі негізгі қадамдар

Егер Сіз өз кәсіпкерлік идеяңызды дамыту туралы шешім қабылдасаңыз бұл істің жартысы ғана. Идея материалдық түрге айналғанға дейін неден бастайтыныңызды ойланып алыңыз. Сіз не істеу қажеттігін жақсы білесіз деп үміттенеміз, атап айтқанда келесі сатылардан өтуіңіз қажет:



Мынау есіңізде болсын сіз кәсіпкерлікті бастай отырып мынадай үш соғыстың әсеріне кезігесіз - «Түйсікке байланысты туындайтын қиындықтар майданы», «Отбасы майданы» и «Клиенттер майданы»:



Егер сіз бәріне түпкілікті дайын болсаңыз, ісіңізді уақытында жоспарлай алсаңыз, бұл үш «Майданда» алынады. «Түйсікке байланысты туындайтын қиындықтар майданын» бағындыра отырып, «Отбасы майданын» көзден таса қылмай, қалған күштің барын «Клиент майданына»

жұмсайсыз, ал клиент қорытынды нәтижеде сізге табыс әкеледі, Сіз жеке қажеттіліктеріңізді және Отбасыңыздың қажеттіліктерін қанағаттандырасыз.

Жеке істі құру туралы шешім қабылдау барысында сіз өзіңіздің қарым-қабілетіңізбен мүмкіндіктеріңізді, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудағы кемшіліктеріңіз бен басымдықтарыңызды шынайы бағалай алуыңыз керек.

Бизнесте мансапқа жету үшін жеке басыңыздың қасиеттері мен сыртқы ахуалға да нақты зерттеу жасаған жөн.

Кәсіпкерлерге керек ахуалға мыналарды жатқызуға болады:

| Жеке алғышарттар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Арнайы білім мен дағды                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Сыртқа шарттар                                                                                                                                                                                                                                           |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>• мықты денсаулық</li> <li>• көшбасшылық және ашықтық</li> <li>• бастамашылдық</li> <li>• эмоциялық тұрақтылық</li> <li>• өзіне және өз ісінің табыстылығына сенімділік</li> <li>• нарықтағы өзгерістерге икемділік және бейімделу дағдысы</li> <li>• өзгеруге және өз ісін ұлғайтуға ұмтылыс</li> <li>• жігерлілік және табандылық</li> <li>• тәуекелге бару қабілеті және дағдысы</li> <li>• аздаған кездейсоқтық және сәттілік</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• білімділік және білім</li> <li>• Сіз өз ісіңізді құруға ниеттенген саладағы белгілі құзырлылық</li> <li>• сауда-коммерциялық тәжірибелік білім</li> <li>• сату/өткізудегі тәжірибе</li> <li>• адамдарды білу</li> <li>• қызметкерлерді басқару тәжірибесі</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>• жеке мүлктік жағдай</li> <li>• отбасылық қоршаған орта</li> <li>• саудалық серіктес</li> <li>• бизнес бойынша серіктес</li> <li>• құқықтық шектеуші шарттар (заңнама)</li> <li>• уақытша алғышарттар</li> </ul> |



Әрине, мұндай қасиеттерге бірден ие бола қою мүмкін емес, десе оларды дамытуға барды салу керек.

Жұмыстың бір жағы белгілі бір қиындықтарға дайын болу болса, екіншісі- жеке істі құруға іштей дайындық пен дүниетанымдық бағдар.

Бұл неге маңызды? Адамның жұмыс барысында міндетті түрде кездесетін проблемаларды түйсінуі үшін өзіндік құндылықтар шкаласында басымдықтарды мүмкіндігінше шынайы орналастыру өте пайдалы болмақ. Нәтижесінде бұл шкалаларды қайта қарау немесе қайта құруда, бизнеспен айналысуға деген жігер мен ынта бірнеше есе арта түсуі мүмкін.

## Қүтілген табысқа кететін жеке шығысты салыстыру (жеке кәсіпорын мысалында)

Жеке істі құру мүмкіндігін бағалағанда, Сізге алғашқы кезекте ықтимал кірістер мен қашып құтыла алмайтын шығыстарды, соның ішінде отбасы қажеттілігін ескеру керек:

| Шығындар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Кірістер                                                                                                                                                               |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Баспана шығындары<br/>(коммуналдық шығындар, несиені жабу, баспананы жөндеу)</p> <p>Ағымдағы тұрмыстық шығындар<br/>(азық-түлік, киім және аяқкиім, емделу, тұрмыстық құралдар мен қызметтер, машинаны ұстау, балаларға, демалысқа, хобби, қонақтарға шығындар)</p> <p>Сақтандыру шығындары<br/>(өмірді, сырқаттану жағдайын, жазатайым оқиғалардан, қаржылық тәуекелдерден және т.б. сақтандыру)</p> | <p>Сіздің айлық кірісіңіз барлық жеке шығындарды жабуға жеткілікті болуы тиіс!</p>  |

## Кәсіпорынды құрғанға дейінгі керек қадамдар Болжамды жоспар-зерттеме (1-3 ай)

- Бизнес-идеяны құру
- Білікті маманнан кеңес алу
- байланыстар орнату
- нарыққа және орналасуына зерттеу жасау
- салық мәселелері бойынша кеңесшімен байланыс орнату
- кәсіпорынның тұжырымдамасын дайындау (жоба)

## Егжей-тегжейлі жоспар-кеңес (3-4 ай)

- кеңесшілермен байланыс (салық, құқық, қаржы мәселелері бойынша, консалтингтік фирмалар)
- серіктес банкті іздеу және таңдау
- банктің өкілімен алғашқы байланыс
- жалға алу келісім шарты туралы келіссөздер
- коммуналдық басқармалар, мекемелер туралы ақпарат жинақтау
- білікті мамандардан кеңестер алу
- салалық бірлестіктер, одақтарды т.б( мүмкін мүшелікке кіру үшін)іздеу, байланыс орнату
- тасымалдаушылармен келіссөздер жүргізу
- салық, құқық саласындағы кеңесшілермен нотариустармен нақты келіссөздер жүргізу
- қажет қызметкерлерді іздеу

## Егжей-тегжейлі жоспар-дайындық жұмыстары (4-5 ай)

- Болжамды келісім-шарттар жасау
- Кәсіпорынның тұжырымдамасын түпкілікті қарап шығу
- несие алу бойынша арыз беру( жеңілдікті ескеру керек)

## Жобаны жүзеге асырудың бастамасы

- Келісім-шарттар жасау
- Жұмыстан кету туралы арыз тастау
- фирманы жабдықтау
- жарнама жасау
- есеп-қисап жұмысын ұйымдастыру
- қызметкерлердің біліктілігін көтеру, дайындау
- салық органы /юстиция органына есепке қою туралы арыздану
- фирманы ашу



## Кәсіпкер ретінде жұмысты бастау

Сізді мазалаған мәселелер бойынша білікті кеңесті Кәсіпкерлерді қолдау орталығынан ала аласыз. Оған дейін сіздің назарыңызды жаға кәсіпрын ашуда көп кездесетін мынадай қателіктерден сақтандырғымыз келеді.

## Жаңа кәсіп бастағанда көп кездесетін 20 қателік

1. Кәсіпкердің кәсіби біліктілігінің жетімсіздігі
2. Кәсіпорын тұжырымдамасының дұрыс жасалмауы
3. Нарық туралы білімнің жетімсіздігі
4. Кәсіпорынның құқықтық формасын таңдаудағы қателік
5. Кадрларды жиі ауыстыру
6. Фирманың қолайсыз жерде орналасуы
7. Ғимараттың жарамсыздығы
8. Капиталға қажеттілікті анықтаудағы немқұрайдылық
9. Қаржыландырудағы жетімсіздік немесе қателік
10. Кәсіпорынның кірісін жоғары бағалау
11. Жоспардың болмауы
12. Ұйымдастырудың нашарлығы
13. Қызметкерлердің жоқтығы-кәсіпкердің барлық істі өзі атқаруы
14. Шығыс есебінің дұрыс еместігі немесе мүлдем болмауы
15. Шығындардың бақылауға алынбауы
16. Бухгалтерлік есептің жетімсіздігі
17. Салық алдындағы міндеттің орындалмауы
18. Жалға алу немесе беру, сатып алу-сату, еңбек және құрылтайшылық келісім-шарттардың дұрыс дайындалуы
19. Формалдылықтың сақталмауы
20. Керек кеңестің алынбауы немесе кеш алынуы

Осы және басқа қателіктерден аулақ болу үшін Сізге бизнес-жоспар құру немесе кәсіпорын жұмысының жоспары, сонымен қатар, жақсы бухгалтерлік есепжәне уақытында алынған білікті маманның кеңесі көмектеседі.



## Кәсіпорын құру

Жеке бизнесті құрудың түрлі жолдары мен мүмкіндіктері бар. Жеке кәсіпорын ашып оның негізін салуға болады. Құрылған кәсіпорында серіктес болуға да болады. Қосымша жол - франчайзинг негізінде бизнес құру. Басқа мүмкіндік – қолданыстағы кәсіпорынды немесе ондағы үлесті сатып алу.

Жаңа ұйым құру өз ісінді нөлден бастауды білдіреді.

Сіз ең алдымен нарықты жаулап алып, содан кейін ондағы жағдайыңызды нығайтуыңыз керек. Сіз клиенттер мен жабдықтаушылармен байланыс орнатып, қызметкерлер штатын құруыңыз, жақсы пікірге ие болуыңыз керек.

Егер Сіздің қаржылық мүмкіндіктеріңіз шектеулі болса, жылжымайтын мүлікті және тиісті жабдықты жалға алу нұсқасын қарастыру қажет.

Жаңа кәсіпорынның іргесін қалау тек тәуекелдермен шектелмейді. Тәуекелдермен қатар Сіздің толық талғамыңызға сәйкес келетін кәсіпорынды құру мүмкіндігіңіз пайда болады. Әбден болуы мүмкін бастапқы қиындықтарды Сіз жеңе аласыз, көпшілігі бұл қиындықтарды жеңе білген.


Кәсіпкерге қойылатын талаптар өте жоғары. Әсіресе қалыптасу сатысында кәсіпкер психологиялық және физикалық жүктемелерге көп ұшырайды. Кәсіпкерлердің барлығы бұған шыдай бермейді. Мұндай жағдайда осындай жүктемені бөлісе көтеретін серіктес табу ең дұрысы болып табылады.

Бірлескен кәсіпорын құрудың бірқатар артықшылықтары бар:

- Жауапкершілік пен тәуекел серіктестерге тең бөлінеді. Төрт көз екі көзге қарағанда жақсы көреді, ал төрт қол екі қолға қарағанда көбірек жұмыс жасай алады. Сіз міндеттерді бөлісіп, ортақ мүдделерді ұсына аласыз.
- Сіздің клиенттермен байланыстарыңыз қосылады, Сіздердің кәсіби білімдеріңіз бір-бірін толықтырады. Бір серіктес техникалық салады, ал екіншісі экономика саласында мол тәжірибеге ие болса, сәтті үйлесім табады. Егер серіктестер бірін-бірі кәсіби біліктіліктерімен толықтырса бірлескен жұмыс сәтті шығуы мүмкін.
- Серіктестік үшін маңызды аргумент кәсіпорынды қаржыландыру болып табылады. Саудадағы, кәсіптік саладағы және өндірістегі капитал көлемі үнемі ұлғайып отырады. Көбінесе бір адам жаңа кәсіпорын ашу үшін қаржыландыруға шамасы жетпейді. Серіктестің көмегімен аталған жағдайды жеңілдетуге болады.

Егер сіз серіктеспен бірлесе отырып дербестік жолына түскіңіз келсе, Сіз неке қиған уақыттағыдай, серіктестің Сізге лайық екендігіне көз жеткізуіңіз қажет. Сіздің кәсіпорынның табысы енді тек Сізге ғана емес, Сіздің серіктесіңізге де байланысты. Сенім, ынтымақтастыққа деген ниет, «бір толқындағы жұмыс» серіктестік үшін маңызды алғышарттар болып табылады. Дербес істі ашуға деген ортақ тілек жеткіліксіз болып табылады. Егер Сіз бірнеше жылдан кейін «сынық астаудың» жанында тұрғыңыз келмесе, өзіңіздің орташа және ұзақ мерзімді тәртіптегі көзқарасыңызды келісіп алғаныңыз дұрыс. Бұл, мысалға, стратегиялық маңызды инвестициялық шешімдерге қатысты. Егер үлкен салым талап етілетін болса, барлық серіктестердің жеке шығындары қысқартылуы тиіс. Бір құрылтайшы пайдадағы өз үлесінің бөлігін алып, ал екіншісі оны қаржыландырса, немесе бір құрылтайшы өзіне жиі демалыс жариялап, ал біреуі өзін кәсіпорын үшін құрбандыққа шалатын болса, іс ілгері баспайды.

Қызметтік автокөліктер немесе іссапар шығындары және т.б. туралы даулар жататын осындай ұсақ-түйектер әдетте құрылтайшылардың серіктестігін бұзады.



## Франчайзинг

Сіз дайын тұжырымдаманы сатып алатын болсаңыз, өзіңізді кәсіпорын ашу кезінде әдетте туындайтын көптеген мәселелер мен тәуекелдерден арашалай аласыз. Бұл жүйе франчайзинг деп аталады және бүгінгі күні көптеген салаларда қолданылады. Coca-Cola и McDonald's сияқты әйгілі фирмалар өздерінің табыстарын сатудың осы әдісімен байланыстырады.

Франчайзингті пайдалану кезінде франчайзер (айрықша құқықтар кешенінің құқық иегері (франшизы, лицензии)) франчайзды (франчайзердің айрықша құқықтар кешені құқық пайдаланушысы) – атауды, марканы, ноу-хау, маркетинг кешенін сатады. Франшизаны сатып алушы кәсіпорын төлем үшін франчайзердің тауарлары мен қызметтерін сату құқығына ие болады, франчайзер аталған өңірде бірде-бір франчайзи мұндай кәсіпорын ашпайтынына кепілдік береді. Франчайзер нарықты зерттеу немесе калькуляциялауға көмек сияқты маңызды алғышарттарды енгізеді және кәсіпорынның жұмысы барысында іскерлік көмек, консультациялар, жарнама мен білім ұсынады.

Франчайзингтік қатынастар төмендегіні көздейді:

- ✓ Франчайзерге франчайзи бизнесін құруға көмекке жұмсалатын оның шығындарын өтеуге кететін бастапқы салым төлеу. Әдетте бұл бизнеске салынатын жалпы қаражаттың 10% құрайды.

- ✓ Франчайзинг шартының әрекеті кезеңінде қолдау үшін франчайзерге кезеңдік төлемдер төлеу. Бұл төлемдер роялти деп аталады. Әдетте роялти сомасы франчайзи кірісінің 3-6% құрайды.

## Франчайзингті енгізудегі мақсат:

- ✓ Өткізуді дамыту. Бұл тәуелсіз кәсіпкерлер мен олардың қаражаттарының көмегімен жаңа аумақтарға шығу болуы мүмкін.

- ✓ Франшизалар, оның ішінде тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді ұсынудан кіріс алу

- ✓ Тауар белгісін ілгерілету

Филиал ашумен салыстырғанда франшиза ұсынудың артықшылығы:

- ✓ Бизнесі кеңейтудің жылдамдығы

- ✓ Басқа кәсіпкерлердің қаражатын пайдалану кезінде бизнесі кеңейту

- ✓ Франчайздер жеке бизнесі дамытады, сондықтан жалдамалы басқарушыларға қарағанда табанды жұмыс істейді

- ✓ Франчайздер жергілікті нарықты біледі және жергілікті әкімшіліктің қолдауына ие болады

## Франшиза ұсынудың кемшіліктері:

- ✓ Франчайзердің филиалдан ерекшелігі барлық пайданы ала алмайды

- ✓ Франчайзиді бақылау қиын, сондықтан франчайзердің тауар белгісімен тұтынушыға ұсынылатын тауарлар мен қызметтердің сапасының сәйкес болмауы тәуекелі бар

✓ франчайзер франчайзидің адал емес әрекеттерінен өз бизнесінің ноу-хау жоғалтуы мүмкін (өндірістің, өнертапқыштың құпиясы)

Бұл тәуекелдердің барлығын франчайзи таңдауда және франчайзинг шартын жасауда ескеру қажет.

Франчайзингтің негізгі сәттері:

✓ Бірегей саудалық ұсыныс. Франчайзинг саласында жетістікке жету үшін бизнестің өзіндік ноу-хау болуы тиіс. Сонымен қатар, бизнесті тұрақты дамыту қажет.

✓ Тауар белгісі немесе басқа зияткерлік меншік тіркелген болуы тиіс. Бұл сіздің зияткерлік меншігіңізді, демек бизнесіңізді қорғаудың сенімді жолдарының бірі.

✓ Бизнесті жүргізудің сәтті технологиясы. Идеяны франшиза ретінде сатуға болмайды. Адамдар сіздің бизнесіңіздің сәттілігін көруі тиіс.

✓ Компанияны дамытудың және тауар белгісінің тарихы. Сіздің компанияның даму тарихы неғұрлым ұзақ болған сайын Сіздің франшиза да тартымды болады.

✓ Бизнестің сипаты. Бизнесті жүргізудің тек сипатталған технологиясы франчайзиге берілуі мүмкін. Бұл франчайзидің франчайзер қағидаларын орындауын бақылауға көмектеседі.

✓ Франчайзи бизнесінің жеткілікті маржасы. Әрине, егер болашақ франчайзи табыс табу мүмкіндігін көретін болса франшиза тартымды болмақ.

✓ Дайын франчайзингтік пакет. Бұл франчайзинг шарты, сауда белгісінің сипаты, франчайзиге арналған қағидалар, франчайзиді қолдау тәсілдері және т.б.

✓ Франчайзи мен оның қызметкерлерінің франчайзингті іске қосуға дайындығы. Франчайзердің компаниясында франчайзинг жүйесін енгізетін және басқаратын дайындалған қызметкерлер болуы тиіс.

## Ұсынымдар:

- ✓ Пайда табудың айрықша мүмкіндіктерімен алдауға жол бермеңіз, одан да серіктесті таңдауда мұқият болыңыз;
- ✓ Пилоттық кәсіпорындар туралы ақпарат алыңыз;
- ✓ Франчайзер туралы ақпарат жинаңыз;
- ✓ Сіздің консультантыңызға, қорғаушыңызға немесе салық жөніндегі маманыңызға шартты және тиімділік болжамын тексеруге мүмкіндік беріңіз;
- ✓ Барлық шығындарды алып тастағанда не қалатынын «Үшкір ұшталған қарындашпен» есептеңіз.

## Кәсіпорынды сатып алу

Өз ісіңізді ұйымдастырудың бір жолы ретінде қолданыстағы кәсіпорынды сатып алу мүмкіндігін қарастыруға болады, бірақ дәл лайықты нұсқаны табу мүмкіндігі аз.

Сатып алу мүмкіндігі фирма иегерінің жеке немесе денсаулығына, сонымен қатар экономикалық қиындықтарға (мысалға, төлем қабілетіне қатер төнгенде) байланысты себептермен басқа өңірге қоныс аударуы кезінде пайда болады.

Бірақ кез келген кәсіпорын сатып алуға лайық емес және кез келген сатып алу сәтті бола бермейді. Жаңа кәсіпорын ашқанда немесе иелік етуге кіріскенде кәсіпкердің өзі табыстың маңызды факторы болып табылады. Сіздің алдыңыздағы адам ие болған біліктілік пен тәжірибеге жету үшін өзіңізбен табанды жұмыс жасаңыз. Кәсіпорын өз бетімен жұмыс істемейді. Тіпті жақсы ұйымдастырылған (басқарылатын) кәсіпорында да қол жеткен деңгейді сақтап қалу үшін кәсіпкердің үлкен еңбегі талап етіледі.

Елеулі кеңес: ұсынылатын кәсіпорынды мұқият зерттеңіз. Бұл ретте келесі өлшемдерге назар аударыңыз:

- Кәсіпорынды сату себебі

Сізге иесі баяндаған себептердің (денсаулық жағдайы, жасының ұлғаюы немесе жеке себептер) растығына көз жеткізіңіз. Мұның артында экономикалық қиындықтар немесе күшті бәсекелестер тұруы мүмкін. Кәсіпорын клиенттерінің қолданыстағы картотекасы бар ма?

- Кәсіпорынның клиенттері

Жаңа кәсіпорынды ашуға қарағанда қолданыстағы кәсіпорынға иелік етудің үлкен артықшылықтарының бірі - кәсіпкердің тірек болатын клиенттерінің болуы. Тұтынушылар саны ауқымды болып, бір клиентке тәуелділік аз болған сайын табысқа жету мүмкіндіктері де соғұрлым жоғары болады. Бұрынғы клиентураны сақтап қалу және жаңаларын іздеп табу үлкен өнер болып саналады.



## II БИЗНЕС-ЖОСПАР

### Бизнес-жоспар дегеніміз не?

Жаңа бизнестің қалай жұмыс істейтінін бағалап, оның нәтижелерін болжау үшін кәсіпкер қызметін бастамас бұрын бизнес-жоспар құруы тиіс.

**Бизнес-жоспар** – сіздің болашақ бизнесіңіздің жан-жақты толық сипаттамасы. Бизнес-жоспарда бизнес туралы айту, қаржылық талдау жүргізу, маркетингтік жоспар және қызметкерлер бойынша жоспар жасау қажет. Сонда жеке бизнестің бейнесі анық және нақты болады. Бизнес-жоспарды дайындау кезінде болашақ кәсіпкер өзі де көп нәрсені түсініп, байқай алады.

Бизнес-жоспар сізге, сіздің болашақ серіктестеріңізге, сіз несие алатын банк үшін қажет.

Бизнес-жоспардың кімге арналғанына қарай мазмұнын анықтайтын бірнеше себептер бар:

**Өзіңізге арналған бизнес-жоспар.** Бұл төмендегі сұрақтарға жауап беретін өзіндік бақылау:

- Істі ашу үшін не қажет?
- Идеяның шынайылығы жеткілікті түрде ме?

**Несие алуға арналған бизнес-жоспар.** Банктер несие беру туралы шешім қабылдау үшін кәсіпкерлерден бизнес-жоспарды талап етеді.

**Инвесторлардың қаржысын тартуға арналған бизнес-жоспар.** Инвесторлар жеке немесе заңды тұлғалар боуы мүмкін. Оларды тарту үшін бизнес-жоспар өте пайдалы болуы мүмкін.

**Жергілікті және шет елдік серіктестермен бірлескен кәсіпорынға арналған бизнес-жоспар.** Сауатты құрылған бизнес-жоспар сіздің ісіңіздің маңыздылығына серіктестің сенімін арттырады.



**Жаңа қызметкерлерді тартуға арналған бизнес-жоспар.** Әдетте жоғары жалақы ұсынсаңыз да кәсіби мамандарды басқа фирмалардан шақырып алу қиынға соғады. Болашақ қызметтің сипаттамасы қызметкерге ұсынылатын жұмыстың тұрақтылығы мен келешегі туралы ақпарат береді.

**Басқа компаниямен бірігуге арналған бизнес-жоспар.** Ол бірлескен қызметтің жағымды және жағымсыз жақтарын көруге көмектеседі.

## **Бизнес-жоспар қандай бөлімдерден тұрады?**

### **Бизнес-идея**

Істі алғаш бастайтын кәсіпкерге ең алдымен немен айналысатынын шешіп алу қажет, яғни ол бизнес-идея табуы тиіс. Бұл күрделі және жауапты саты. Бизнесің қалай құрылатыны соған байланысты. Бизнес-идеялардың көзі жеке бақылаулар және кәсіпкердің, оның достарының, туыстарының, таныстарының тәжірибесі болуы мүмкін.

Сонымен қатар, бизнес-идея ойлап табу үшін кәсіпкер өз білімі мен дағдыларын, жұмыс тәжірибесін, хобби мен қызығушылықтарын бағалауы қажет. Бұл бизнес-идеялардың ішінен ең лайықтысын таңдауға көмектеседі.

Бұдан кейін кәсіпкер өзі клиенттерге ұсынатын өнімді немесе қызметті көз алдына жақсылап елестетуі керек. Оның барлық егжей-тегжейін анықтау қажет. Оларға жататындар:

1. Тауар – немесе өнімнің материалдық құрамдас бөлігі, саны, сапасы, ассортименти.
2. Қызмет – клиенттерге көрсетілетін немесе сатылатын тауармен бірге жүретін сервис.
3. Ақпарат – клиенттерге сатуға дейін (жарнама), сату кезінде (техникалық құжаттама) және сатудан кейін (сервистік ақпарат) ұсынылатын мәліметтер.
4. Қатынас – сатуды қолдау үшін клиенттермен жеке қатынас қалай құрылады.  
Кәсіпкерге мұнымен қатар өз бизнес-идеясын бағалау қажет. Бұл үшін келесі сұрақтарға жауап беру қажет:
5. Бұл нарыққа қажет пе?
6. Мұны сатып алғысы келе ме?
7. Сіздің сатып алушыларыңыз кім? Олардың жынысы, жасы, білімі, тұрғылықты жері және т.б.
8. Олар сіздің өніміңізді жеткілікті көлемде сатып ала ма?
9. Бұл бәсекелестікке қабілетті ме? Мұндай идеяны сататын бәсекелестер саны көп пе?
10. Сіз мұны жүзеге асыра аласыз ба?
11. Бұл сізге тиімді ме?

### **Жеке мүмкіндіктер**

Бизнес-идеяны қалыптастыра отырып, кәсіпкер өзінің мүмкіндіктерін, сонымен қатар, бұл идеяны жүзеге асыруға керек өзге ресурстарды бағалауы тиіс. Кәсіпкер бұл мүмкіндіктерді жақсылап елестетіп, өзге ресурстарды алу мүмкіндігін бағалауы керек.

### **Клиент**

Кәсіпкер клиенті кім болатынын жақсы білуі тиіс. Бұл үшін келесі сұрақтарға жауап беру керек:

1. Менің ықтимал клиенттерім кімдер?
2. Менің клиенттерім қайда орналасқан?





3. Менің клиенттерім нені бағалайды? Тауардың сатылымын қамтамасыз ету үшін олардың саны жеткілікті ме?
4. Менің бизнесімнің орналасқан жері?
5. Сатылым көлемін ұлғайту үшін не істеуім керек?

## Бизнесті ұйымдастыру

Бизнестің қалай ұйымдастырылатынын, қалай жүзеге асырылатынын түсіну үшін кәсіпкер төмендегілер туралы ойлануы тиіс:

1. Клиенттерге өнімді (тауарды немесе қызметті) сату қалай ұйымдастырылады? Қандай мерзімде, көлемде?
2. Өнімді шығару үдерісі қалай ұйымдастырылады? Мерзімі, көлемі?
3. Кәсіпкермен бірге кім және қалай жұмыс істейді? Олардың міндеттері қандай?
4. Бизнесті қамтамасыз ету үшін тауарды және жұмсалатын мүлікті сатып алу үдерісі қалай және қайда ұйымдастырылады? Мерзімі, көлемі?

## Ақшаның қозғалысы

Енді бастап отырған кәсіпкерге пайданы және шығынды болжау, теңгерімді болжау сияқты қаржылық құжаттарды жасау қиынға түседі. Бизнестің басында, оның қарапайым кезінде бұл құжаттарды жасауға қажеттілік жоқ. Бірақ ақшаның қозғалысын елестетіп көру қажет. Бизнеске қарай болжам күнделікті немесе апта сайынғы болуы мүмкін.

## Тәуекелдер

Кәсіпкер бизнеспен бірге туындайтын барлық тәуекелдерді ескеруі тиіс. Бұл тәуекелдерге дайын болуға және туындаған жағдайда еңсере білу үшін қажет. Кәсіпкер келесі тәуекелдерді ескеруі керек:

1. Қаржылық. Оларға байланыстылар:
  - инфляция;
  - несиелер;
  - клиенттердің төлемей;
  - валюта курсының өзгеруі;
  - клиенттердің өнімге немесе қызметтерге ақы төлемей.
2. Операциялық – өндіріс кезінде туындауы мүмкін.
3. Экологиялық.
4. Өлеуметтік. Бизнестің маңында тұратын немесе жұмыс істейтіндердің оның жақындығына реніші тәуекелі.
5. Криминалдық.
  - Кәсіпкердің заңды, мысалға салық кодексін бұзу тәуекелі;
  - Кәсіпкерге қарсы криминалдық әрекеттер жүргізілу тәуекелі;
6. Абыройлық. Жеке абыройды жоғалту тәуекелі.
7. Маркетингтік. Клиенттер қалауының өзгеруіне немесе бәсекелестік күрестің күшеюіне байланысты тәуекелдер.



# III КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

## Кәсіпкерліктің түрлері

Мемлекет кәсіпкерлік қызметтің бостандығына кепілдік береді және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз етеді. ҚР 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясының 26-бабына сәйкес: «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар».

Жеке кәсіпкерлік субъектілері келесі санаттарға жатады:

- 1) шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері;
- 2) орта кәсіпкерлік субъектілері;
- 3) ірі кәсіпкерлік субъектілері.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін санаттарға жатқызу өлшемдері:

- 1) қызметкерлердің орташа жылдық саны;
- 2) орташа жылдық кіріс.

Заңды тұлға құрмаған жеке кәсіпкерлер және жұмыскерлерінің жылдық орташа саны жүз адамнан аспайтын және жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің үш жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар **шағын кәсіпкерлік субъектілері** болып табылады.

Жұмыскерлерінің жылдық орташа саны он бес адамнан аспайтын немесе жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің отыз мың еселенген мөлшерінен аспайтын, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері **микрокәсіпкерлік субъектілері** болып табылады.

Шағын және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын, заңды тұлға құрмаған жеке кәсіпкерлер және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар **орта кәсіпкерлік субъектілері** болып табылады.

Заңды тұлға құрмаған жеке кәсіпкерлер және жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан асатын және (немесе) жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің үш миллион еселенген мөлшерінен асатыны туралы критерийлердің біреуіне немесе екеуіне жауап беретін жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар **ірі кәсіпкерлік субъектілері** болып табылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері төмендегілерді жүзеге асыра алмайды:

- есірткі заттарының, есірткі және психотропты құралдар өндіруге болатын психотропты құралдар мен заттардың айналымына байланысты қызмет;

- акцизделетін өнімді өндіру және (немесе) көтерме сату;
- астық қабылдау пункттерінде астықты сақтау қызметі;
- лотерея жүргізу;
- ойын және шоу-бизнес саласындағы қызмет;
- мұнайды, мұнай өнімдерін, газды, электр және жылу энергиясын шығару, қайта өңдеу және сату қызметтері;
- радиоактивті материалдар айналымына байланысты қызмет;
- банктік қызмет (немесе банктік операциялардың жекелеген түрлері) және сақтандыру нарығындағы қызмет (сақтандыру агенті қызметінен басқа);
- аудиторлық қызмет;
- бағалы қағаздар нарығындағы кәсіпқойлық қызмет;
- несиелік бюро қызметі;
- күзет қызметі.

Қызмет түрлерінің бөлігі **лицензиялауға** жатады, сондықтан сіз **ҚР 2014 жылғы 16 мамырдағы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңына** сәйкес лицензиялауға жататын кәсіпкерлік қызмет түрін жүзеге асыру үшін лицензия алуыңыз тиіс.



## Бизнестің нысаны

Сізге болашақ кәсіпкер ретінде өз бизнесіңізді қалай жүргізетінізді анықтау қажет. Бұған көп нәрсе тәуелді: бизнесті тіркеу және жүргізу ерекшеліктері; бухгалтерлік есептілік; қаржылық тәуекелдер көлемі; салықтар; пайда; құқықтық жауапкершілік.

Көптеген бизнесмендер өздерінің кәсіпкерлік жолдарын жеке кәсіпкер (ЖК) ретінде бастаған, одан әрі бизнестің дамуына қарай компаниялар құрған, мысалы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (ЖШС).

Кәсіпорынның оңтайлы нысаны жоқ! Жекелеген аспектілерді дара бағалау түрлі шешімдер қабылдауға алып келеді. Сонымен қатар, кәсіпорынның ұзақ мерзімге арналған құқықтық нысаны да жоқ, себебі басында нысан таңдау себептері алуан түрлі, ерте ме, кеш пе олар өзгеруі мүмкін. Қызметтің басында жеке кәсіпкер ретінде жұмыс істеуге болады, ал дамыған кезде басқа ұйымдастырушылық-құқықтық нысанға, мысалы жауапкершілігі шектеулі серіктестікке (ЖШС) көшуге болады.

Патенттермен және соған ұқсас біріктірілген шешімдермен сақ болған дұрыс. Төмендегі материал алдын ала таңдауға негіз бола алады. Кәсіпорынның «дұрыс» нысанын таңдау кезінде құқық, экономика, салық салу саласындағы сарапшылар мен мамандармен бірге Сіз үшін маңызды аспектілерді қарастыруға, тек содан кейін іске кірісуге кеңес беріледі.

Егер жоспарыңызды өзіңіз іске асырғыңыз келсе, жеке кәсіпкер ретінде жұмыс істеуіңізге немесе дара құрылтайшы ретінде жауапкершілігі шектеулі серіктестік ашуыңызға болады. Сіз кейін көретіндей, мұның бәрі мұқият тексерілуі тиіс.

## Жеке кәсіпкерлік

Жеке кәсіпкерлік - жеке тұлғалардың кіріс алуға бағытталған, азаматтардың өздерінің меншігіне негізделген және азаматтардың атынан олардың тәуекелімен жауапкершілігімен (мүліктік) жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметі.

### Жеке кәсіпкер өз қызметін жүзеге асыру кезінде іскерлік құжаттаманың дербес бланкілерін, мөрді, мөртабандарды пайдалануға құқылы (бірақ міндетті емес).

Жеке кәсіпкерлікті (ЖК) заңды тұлға құрмастан, бір азамат дербес түрде немесе азаматтар-жеке кәсіпкерлер тобы (бірлескен кәсіпорын)жүзеге асыруы мүмкін.

Келесі шарттардың біріне жауап беретін жеке кәсіпкерлер міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады:

- тұрақты негізде жалдамалы жұмысшылардың еңбегін пайдаланады;
- жеке кәсіпкерліктен Қазақстан Республикасының заңдарында жеке тұлғалар үшін белгіленген салық салынбайтын жылдық жиынтық табыстың мөлшерінен асатын мөлшерде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептелген жылдық жиынтық табысы бар.

Жеке кәсіпкерлерге салық салу заңнамаға сәйкес оңайлатылған тәртіпте жүзеге асырылады.

Егер қаржылық пайымдауларға байланысты немесе басқа себептермен серіктестерді тартқыңыз келсе, шаруашылық серіктестік құру мүмкіндігі ұсынылады.

## Толық серіктестік



Толық серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары оның міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақтасып жауап беретін шаруашылық серіктестігі толық серіктестік (заңды тұлға) деп танылады. Бұл ретте азамат тек бір толық серіктестіктің (ТС) қатысушысы бола алады.

Толық серіктестіктің құрылтайшылық құжаттарында оның фирмалық атауы көрсетілуі тиіс, сонымен бірге

- барлық қатысушылардың аты-жөні, сонымен қатар, «толық серіктестік» сөзі, немесе
- бір немесе бірнеше қатысушылардың аты-жөні «және компания» сөзімен, сонымен қатар, «толық серіктестік» сөзі.

Толық серіктестіктің жарғылық қорының мөлшерін оның құрылтайшысы белгілейді, бірақ жиырма бес айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс. Толық серіктестіктің жарғылық қорын азайтуға оның барлық кредиторларына хабарлағаннан кейін жол беріледі. Соңғылары мұндай жағдайда тиісті міндеттерді орындау немесе мерзімінен бұрын тоқтату және залалды өтеуді талап етуге құқылы. Белгіленген тәртіпті бұзып, жарғылық қорды азайту мүдделі тұлғалардың арызы бойынша сот шешімімен толық серіктестікті жоюға негіз болып табылады.

Толық серіктестіктің жоғарғы органы қатысушылардың жиналысы болып табылады.

Егер құрылтайшылық шартта немесе қатысушылардың келісімінде өзгеше көзделмесе, толық серіктестіктің пайдасы мен залалы қатысушыларының арасында олардың жарғылық капиталға салымдарының мөлшеріне барабар бөлінеді.

## Сенім серіктестігі

Серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен (толық серіктестерімен) ортақтасып жауап беретін бір немесе одан да көп қатысушылармен қатар, жауапкершілігі серіктестіктің (салымшылардың) жарғылық капиталына өздері салған салым сомасымен шектелетін және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына қатыспайтын бір немесе одан да көп қатысушылардан тұратын шаруашылық серіктестігі (заңды тұлға) сенім серіктестігі деп танылады.

Сенім серіктестігіне қатысатын толық серіктестердің құқықтық жағдайы, серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауапкершіліктері толық серіктестіктің қатысушылары туралы қағидаларда белгіленеді. Азамат тек бір сенім серіктестігінің мүшесі бола алады. Сенім серіктестігіндегі толық серіктес толық серіктестіктің қатысушысы бола алмайды. Сенім серіктестігіне Азаматтық кодекстің толық серіктестік туралы қағидалары қолданылады.

Олардың жарғылық капиталы қатысушыларының салымдарынан құралады және елу айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс.

## Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

Бір немесе бірнеше адам құрған, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлестерге бөлінген серіктестік жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) деп танылады; жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты зияндарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді.

Серіктестіктің жарғылық капиталға салымдарын толық енгізбеген қатысушылары оның міндеттемелері бойынша әрбір қатысушының салым енгізбеген бөлігінің құны шегінде ортақ жауапты болады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушыларының саны жүзден аспауы тиіс. Егер жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушыларының саны жүзден асқан жағдайда ол бір жылдың ішінде бөлінуге, не ерекшеленуге, не басқа шаруашылық серіктестікке, акционерлік қоғамға немесе өндірістік кооперативке өзгертілуге жатады, ал бұл мерзім аяқталғаннан кейін қатысушылар саны жүзден азаймайтын болса, мемлекеттік тіркеу жүргізген органның немесе басқа мүдделі тұлғаның арызы бойынша сот тәртібімен жойылуға жатады.

Тек орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерге жататын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталы 100 айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс.

Шағын кәсіпкерлік субъектіне жататын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталы 100 теңгеден кем болмауы тиіс.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз қатысушысы ретінде бір адамнан тұратын басқа шаруашылық серіктестігі бола алмайды.

Бір қатысушыдан тұратын жауапкершілігі шектеулі серіктестікте қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне жататын шешімдерді жалғыз қатысушы жеке-дара қабылдайды және олар жазбаша ресімделеді.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысы серіктестіктің заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін белгілейтін құжат болып табылады. Жарғыны құрылтайшылардың жалпы жиналысы бірауыздан бекітуге тиіс және оған барлық құрылтайшылар немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды және нотариалдық куәландыруға жатады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар арасында серіктестіктің бір жыл ішіндегі өз қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын бөлу серіктестіктің тиісті жылдағы қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған серіктестікке қатысушылардың кезекті жиналысының шешіміне сәйкес жүргізіледі.

## Кәсіпорынның негізгі нысандарына шолу

| Кәсіпорынның нысаны                          | Жарғылық капитал                                                                                               | Жауапкершілік                                                                       | Басшылық                                   | Бақылау құқығы            | Пайданы бөлу             | Қатысушының қайтыс болуынан кейін жалғастыру | Фирмалық атауы                                                                       |
|----------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|---------------------------|--------------------------|----------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|
| Жеке кәсіпкер /шаруа қожалығы/               | Төменгі мөлшері жоқ                                                                                            | Шектеусіз барлық жеке мүлкімен жауап береді                                         | иесі                                       | иесі                      | иесі                     | жоқ                                          | Кәсіпкердің тегі                                                                     |
| Толық серіктестік                            | Кемінде 25 АЕК                                                                                                 | Қатысушылар барлық мүлкімен бірге жауап береді                                      | Қатысушылардың жиналысы                    | Қатысушылардың жиналысы   | Үлес мөлшеріне барабар   | Қызметі тоқтатылады                          | «Толық серіктестік» сөзі, қатысушылардың аты-жөні                                    |
| Сенім серіктестігі                           | Кемінде 50 АЕК                                                                                                 | Толық серіктестер барлық жеке мүлкімен сенімділер енгізген салымымен жауап береді   | Полные товарищи                            | Полные товарищи           | Үлес мөлшеріне барабар   | мүмкін                                       | Барлық толық серіктестердің аты-жөні және «сенім серіктестігі» сөзі                  |
| Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС)    | Орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерге жататын 100 АЕК-ден кем емес. Шағын кәсіпкерлік субъектіне жататын 100 | Енгізген салымы шегінде                                                             | директор                                   | Қатысушылардың жиналысы   | Үлес мөлшеріне барабар   | мүмкін                                       | «ЖШС» атауы және аббревиатурасы                                                      |
| Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік (ҚЖС) | Кемінде 100 АЕК                                                                                                | Енгізген салымдарымен, жеткіліксіз жағдайда енгізген салымдарына еселенген мүлкімен | директор                                   | Қатысушылардың жиналысы   | Үлес мөлшеріне барабар   | мүмкін                                       | Атауы және «Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік» сөзі немесе «ҚЖС» аббревиатурасы |
| Өндірістік кооператив                        | жоқ                                                                                                            | Пай құны мөлшерінен кем емес қосымша (біріккен) жауапкершілік                       | Басқарма және төраға (кооператив мүшелері) | Мүшелердің жалпы жиналысы | Еңбекке қатысуына сәйкес | мүмкін                                       | Атауы және «өндірістік кооператив» сөзі                                              |



## Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік

Қатысушылары серіктестік міндеттемелері бойынша жарғылық капиталға қосқан өздерінің салымдарымен, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған жағдайда өздері енгізген салымдардың еселенген мөлшерінде өздеріне тиесілі қосымша мүлікпен жауап беретін серіктестік қосымша жауапкершілігі бар серіктестік (ҚЖС) деп танылады.

Қатысушылар жауапкершілігінің шекті мөлшері жарғыда көзделеді.

Қатысушылардың бірі банкрот болған жағдайда қосымша жауапкершілігі бар серіктестік міндеттемелері бойынша оның жауапкершілігі, егер құрылтай құжаттарында жауапкершілікті бөлудің өзгеше тәртібі көзделмесе, қалған қатысушылар арасында олардың салымдарына бара-бар бөлінеді.

## Өндірістік кооператив

Азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізде, олардың жеке еңбегімен қатысуына және мүшелерінің мүлдітік жарналарын (пайларын) біріктіруіне негізделген ерікті бірлестігі өндірістік кооператив (ӨК) болып танылады. Өндірістік кооперативтің құрылтайшылары екеуден кем болмауға тиіс. Өндірістік кооператив мүшелері кооперативтің міндеттемелері бойынша Өндірістік кооператив туралы заңда көзделген мөлшер мен тәртіпте қосымша (біріккен) жауапкершілікте болады.

Кооперативтің жоғары органы оның мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады. Өндірістік кооперативте кооперативтің атқарушы органдарының қызметін бақылайтын қадағалау кеңесі құрылуы мүмкін. Қадағалау кеңесінің мүшелері өндірістік кооперативтің атынан әрекет етуге құқылы емес.

## Шаруа қожалығы.

Адамдардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығына арналған жерлерді ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен, сондай-ақ осы өнімді ұқсатумен және өткізумен тығыз байланысты отбасылық-еңбек бірлестігі шаруа қожалығы (ШҚ) деп танылады.

Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдар шаруа немесе фермер қожалығы субъектілері болып табылады.

Шаруа қожалығының мүшелері ортақ шаруашылықты бірлесіп жүргізетін жұбайлары, жақын туыстары, ата-аналары, балалары және басқа да адамдар болып табылады. 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының іс-әрекетке қабілетті азаматы шаруа немесе фермер қожалығының басшысы бола алады. Шаруа қожалығы басшысының жеке және заңды тұлғалармен қатынастарда шаруа қожалығының мүдделерін білдіруге, Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыруға құқығы бар.



## **Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті қалай алуға болады?**

Жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу үшін тіркеу органына немесе халыққа қызмет көрсету орталығына келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) өтініш;
- 2) жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат;
- 3) жеке кәсіпкердің орналасқан жерін растайтын құжат.

Жеке кәсіпкердің орналасқан жерін растайтын құжат мекенжай анықтамасы немесе жылжымайтын мүлікке меншік құқығын немесе оны пайдалану құқығын құжат болып табылады. Осы тармақта көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде жеке тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

Салық өтінішін «электронды үкімет» веб-порталы арқылы электронды түрде ұсынған кезде жеке кәсіпкердің орналасқан жерін растайтын құжат талап етілмейді. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу үшін алым сомасының бюджетке төлеу «электронды үкімет» төлем шлюзы арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік тіркеу үшін алым сомасының бюджетке төлеу банктер немесе жекелеген банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүргізілгенде электронды түрде ұсынылған салық өтінішіне сұрауда төлем құжаты деректемелерін көрсеткен кезде «электронды үкімет» веб-порталында құрылатын «электронды үкімет» төлем шлюзы хабарламасы қоса тіркеледі.

Егер өтініш беруші кәмелеттік жасқа толмаған жағдайда жоғарыда аталған құжаттарға заңды өкілдердің келісімі қоса тіркеледі, мұндай келісім жоқ болса, неке қию (ерлі-зайыптық) куәлігінің көшірмесі немесе қамқорлық органы шешімінің көшірмесі немесе кәмелетке толмаған тұлғаны толық әрекетке қабілетті деп жариялаған соттың шешімінің көшірмесі қоса тіркеледі.

**Басқа құжаттарды талап етуге тыйым салынады.**



## **Заңды тұлғаны қалай тіркеуге болады?**

Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып саналады.

Заңды тұлғаны тіркеу үшін тіркеуші органға ұсынылатын құжаттар:

- 1) өтініш;
- 2) бауланған, нөмірленген үш данадағы қазақ және орыс тіліндегі құрылтайшылық құжаттар;
- 3) заңды тұлғаның басшысы мен құрылтайшылары жеке куәліктері, олардың ЖСН мәліметтері көшірмелері;



- 4) заңды тұлғаның мекенжайын көрсететін құжат;
- 5) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу үшін алым сомасын төлеу туралы түбіртек немесе құжат.

Коммерциялық заңды тұлғалар ҚР Үкіметінің Қаулысында белгіленген үлгі жарғының негізінде заңды тұлғаның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарай қызметін жүзеге асыра алады.

Егер заңды тұлғаның құрылтайшылары үлгі жарғының негізінде тіркелуге шешім қабылдаса, жарғыны тіркеуге ұсыну талап етілмейді. Бұл ретте әділет органдарына ҚР Әділет министрлігі белгілеген нысандағы өтініштің нотариалды куәландырылған 3 данасы ұсынылады (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін нотариалды куәландыру талап етілмейді).

Заңнама актілерінде көзделген құжаттардан басқа құжаттарды талап етуге тыйым салынады. Толық емес құжаттар пакетін ұсынғанда, құрылтай құжаттары бойынша сарапшы қорытындысы қажет болғанда, сонымен қатар, ҚР заңдарында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік тіркеу мерзімі үзіледі.

Заңды тұлға төмендегі құрылтай құжаттары негізінде әрекет етеді:

- құрылтай шарты (ұйымды бір тұлға құратын болса жасалмайды);
- жарғы.



## Шағын бизнеске салық салудың ерекшеліктері қандай?

Дербес жұмыс жасайтын кәсіпкерлер бекітілген салық салынатын және бекітілмеген салық салынатын кәсіпкерлер болып бөлінеді. Екеуінің айырмашылығын қарап көрейік:

Арнайы салық режимі шағын бизнес субъектілері үшін төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, әлеуметтік салықты және корпоративтік немесе жеке табыс салығын есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді.

Патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілер үшін ҚР аумағында және одан тыс жерде алынған (алынуға жататын) барлық кіріс түрлерінен тұратын салық кезеңіндегі кіріске салық салынады.

Шағын бизнес субъектілері салықты есептеу мен төлеудің, сонымен қатар олар бойынша салық есептілігін ұсынуудың төменде келтірілген тәртібінің бірін ғана таңдауға құқылы:

1. шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимі, оған кіретіндер :
  - патент негізінде арнайы салық режимі;
  - оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимі.

1. шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимі;
2. ауыл шаруашылығы өнімдерін, балық шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар және селолық тұтыну кооперативтері үшін арнайы салық режимі;
3. жалпы белгіленген режим.

Салық төлеуші ҚР Салық кодексіне сәйкес тәртіппен жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті немесе арнайы салық режимін таңдауға құқылы.

**Арнайы салық режимі** - салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін белгіленетін және жекелеген салық түрлері (әлеуметтік салық, корпоративтік немесе жеке кіріс салығы, төлеу көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда) мен жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін табыс етудің оңайлатылған тәртібін қолдануды көздейтін бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібі.



## Патенттің ерекшелігі

**Патент** - жеке табыс салығын (төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын қоспағанда), әлеуметтік салықты, міндетті зейнетақылық жарналар мен әлеуметтік аударымдарды төлеу фактісін растайтын электрондық құжат.

Патент негізінде арнайы салық режимін мынадай шарттарға сай келетін:

- 1) қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын;
- 2) жеке кәсіпкерлік нысанында қызметті жүзеге асыратын;
- 3) салық кезеңіндегі (жыл) шекті табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген

және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған ең төменгі жалақының 300 еселенген мөлшерінен аспайтын жеке кәсіпкерлер қолданады (2015 жылы бұл сома 6 409 200 теңгені құрайды).

Егер сіз өзіңіз жұмыс істей алсаңыз (қызметкерлерсіз) және сіздің кірісіңіз жылына 6 409 200 теңгеден аспайтын болса (2015 жылдың 1 қаңтарынан – айына 21 364 теңге), сіз патент алып, өз бизнесіңізбен еркін айналысуыңызға болады.

Патент болған кезде төмендегілерден басқа кез келген қызмет түрлерімен айналысуға болады:

- 4) акцизделетін тауарларды өндіру;
- 5) акцизделетін тауарларды сақтау және көтерме саудалау;
- 6) мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін – бензинді, дизелдік отын мен мазутты саудалау;
- 7) лотерея ұйымдастыру және өткізу (мемлекеттік (ұлттық) лотереяны қоспағанда);
- 8) жер қойнауын пайдалану;
- 9) шыны ыдыстарды жинау және қабылдау;
- 10) металлды және түсті, қара металл қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату;
- 11) кеңес беру қызметтер;
- 12) бухгалтерлік есеп және аудит;
- 13) сақтандыру брокерінің және сақтандыру агентінің қаржылық, сақтандыру қызметі және делдалдық қызмет.

Патент ЖК мемлекеттік тіркеу туралы куәлік ұсынғанда ғана жарамды.

Сіздің патентті 1 айдан кем емес және 12 айдан артық емес мерзімге алуға құқығыңыз ба



## Патентті қалай алуға болады?

Патент негізінде арнайы салық режимін қолдану үшін орналасқан жері бойынша салық органына патент құнының есеп-қисабын ұсынады.

Есеп-қисапты қағаз түрінде немесе электрондық түрде, оның ішінде «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы:

1) жаңадан құрылған жеке кәсіпкерлер – жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебі туралы салықтық өтінішпен бір мезгілде;

2) жалпыға бірдей белгіленген тәртіптен немесе өзге де арнайы салық режимінен ауысуды жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер – патент негізінде арнайы салық режимін қолдану айының 1 күніне дейін;

3) кезекті патентті алу үшін патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлер – алдыңғы патенттің қолданылу мерзімі немесе салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін ұсынады.

Жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген күн жаңадан құрылған жеке кәсіпкерлер үшін патент негізінде арнайы салық режимін қолдану басталатын күн болып табылады.

Жалпыға бірдей белгіленген тәртіптен немесе өзге де арнайы салық режимінен ауысуды жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер үшін есеп-қисап тапсырылған айдан кейінгі айдың бірінші күні патент негізінде арнайы салық режимін қолдану мерзімі басталатын күн және патенттің қолданылу мерзімінің басталатын күні болып табылады.

Салық органы 1 жұмыс күні ішінде патентті беруге немесе патентті беруден бас тарту туралы шешім қабылдауға міндетті. Шешім 2 данада ресімделеді, біреуі салық төлеушіге қол қойылып беріледі.

Егер сіз патент негізінде қызмет атқаратын жеке кәсіпкер болсаңыз, бақылау-кассалық аппаратты қолданбай, қолма-қол ақша қабылдауға құқылысыз.

Есеп-қисап патент құнын есептеуге арналған салық есептілігі болып табылады.

Патент құнына жеке табыс салығының (төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығынан басқа), әлеуметтік салықтың, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың төленуге жататын сомалары қосылады.

Патент құнын төлеуді салық төлеуші есеп-қисап ұсынуға дейін жүргізеді.

Патент құнының төленгенін растайтын құжаттар есеп-қисап қағаз жеткізгіште берілген кезде табыс етіледі.

Жеке кәсіпкерлер есеп-қисапты табыс еткеннен кейін салық органы есеп-қисап табыс етілген күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде салық органының ақпараттық жүйесінде патент қалыптастыруды жүргізеді.

Патент негізіндегі арнайы салық режимін:

1) ағымдағы салық кезеңінің соңғы айында жаңадан тіркелген;

2) ағымдағы салық кезеңінің соңғы айында салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін немесе аяқталғаннан кейін қызметін қайта бастаған жеке кәсіпкерлер бір айдан аз мерзім ішінде қолданады

Патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлердің салық есептілігін тапсыруды тоқтата тұруы үшін салық өтінішін орналасқан жері бойынша салық органына тапсырады.

Патенттің қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке немесе өзге де арнайы салық режиміне ауысу туралы шешім қабылданған жағдайда, жеке кәсіпкерлер патенттің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін орналасқан жері бойынша салық органына қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны табыс етеді

Бұл ретте:

- 1) патенттің қолданылу мерзімінің соңғы күні патент негізінде арнайы салық режимін қолдануды тоқтату күні болып табылады;
- 2) патенттің қолданылу мерзімі аяқталған күннен кейінгі күн салық төлеуші таңдаған жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті немесе өзге де арнайы салық режимі қолданыла бастайтын күн болып табылады.

Мынадай шарттарға сай келетін шағын бизнес субъектілері:

- жеке кәсіпкерлер үшін: жеке кәсіпкердің өзін қоса алғанда, қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде жиырма бес адам болса; салық кезеңі үшін шекті табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қолданыста болған ең төменгі жалақының 1400 еселенген мөлшерін құраса (2015 жылдың 1 қаңтарына 29 909 600 теңгені құрайды);

- заңды тұлғалар үшін: қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде елу адам болса; салық кезеңі үшін шекті табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қолданыста болған ең төменгі жалақының 2800 еселенген мөлшерін құраса, оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолданады (2015 жылдың 1 қаңтарына 59 819 200 теңгені құрайды).

Салық кезеңі жартыжылдық болып табылады.

Мысалды талдап көрейік:

Біздің құттықтау хаттарын шығаратын шағын типографиямыз бар. Сіз бұл құттықтау хаттарын сатудан тоқсан сайын 10 000 000 теңге кіріс аласыз. Бірақ бұл кірісті алу үшін сіз бояуға, жұмысшыларға жалақыға, қағазға, жарнамаға, коммуналдық қызметтерге және т.б. 9 000 000 теңге қаржы жұмсадыңыз, мұның бәрі құжатпен расталған, онда:

- егер сіз оңайлатылған декларацияны таңдасаңыз кіріс сомасының (10 000 000 теңге) 3%, яғни 300 000 теңге төлеуге тиіссіз;
- егер сіз жалпыға белгіленген режимді таңдасаңыз 10 000 000 теңгенің 10% (10 000 000 – 9 000 000), яғни 100 000 теңге төлеуге тиіс боласыз.

Арнайы салық режимін келесі қызмет түрлерімен айналысатын ЖК қолдануға құқығы жоқ:

- 1) акцизделетін тауарларды өндіру;
- 2) акцизделетін тауарларды сақтау және көтерме саудалау;
- 3) мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін – бензинді, дизелдік отын мен мазутты саудалау;
- 4) лотерея ұйымдастыру және өткізу (мемлекеттік (ұлттық) лотереяны қоспағанда);
- 5) жер қойнауын пайдалану;
- 6) шыны ыдыстарды жинау және қабылдау;
- 7) металлды және түсті, қара металл қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату;
- 8) кеңес беру қызметтер;
- 9) бухгалтерлік есеп және аудит;
- 10) сақтандыру брокерінің және сақтандыру агентінің қаржылық, сақтандыру қызметі және делдалдық қызмет.
- 11) құқық, заң және сот төрелігі саласындағы қызмет.

Жоғарыда кәсіпкерлік түрлері (шағын, орта, ірі) сипатталғанда көрсетілгендей, «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңының 6-бабында көрсетілген шектеулерді ұмытпаған дұрыс.

**Ауыл (фермерлік) шаруашылығына арналған арнайы салық режимін қолдану** бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есептерін жүргізуді қарастырады.

Бірыңғай жер салығын төлей отырып, ауыл шаруашылығы мыналарды төлемейді:

- қосымша құн салығын;
- өздерінің өндірісінің а/ш өнімін тарату бойынша пайдадан кіріс салығын;
- жер салығын;
- нормативті қажеттілік шегінде транспорттық заттар мен мүлік салығын.

Арнайы салық режиміне таратылатын жұмыстарда қолданылатын жайылым, табиғи шөп шабу және басқа жер телімі бойынша бірыңғай жер салығын есептеу жер телімдерінің жиынтық бағалау құнына 0,1% мөлшерлемесін қолдану жолымен жүргізіледі.

Арнайы салық режимі таратылмайтын жұмыс түрлерін жүзеге асыру барысында бірыңғай жер салығын төлеушілер пайда мен шығынның жеке есебін жүргізуге және жалпыға орнатылған тәртіппен мұндай қызмет түрлері бойынша салықтық есеп және сәйкес салық төлемін есептеу, ұсыну жүргізуге міндетті.

## **Кім және қаншалықты жиі тексеру жүргізу алады?**

Жоспарлы тексерулерді жүргізудің кезеңділігі салдарының ауырлығы, ҚР заңдарын бұзуының салалық статистикасының көзқарасы тұрғысынан субъектінің мәнінің есебімен тәуекел дәрежесіне, сонымен қатар жоспардан тыс тексерулер нәтижелері байланысты болады:

- жылына бір рет – тәуекелдің жоғары дәрежесінде;
- үш жылда бір рет – қауіптің орташа дәрежесі барысында
- бес жылда бір рет – қауіптің елеусіз дәрежесі барысында.

Сіздерге тексерулерден қорықпауды ұсынамыз, Сіздерге тексеру құқығымен кім және қай уақытта келсе, де оны түсініңіз. Тексеруші жағынан өзіңізге келетін қандай да бір құқықсыз әрекеттерден қорғай алатыныңызды біліңіз.

Тексерулер мемлекеттік органдармен тексерулерді тағайындау туралы актісі негізінде жүргізіледі. Бұл - уәкілетті тексеруші қол қоя отырып, сізге табыстауы қажет болатын міндетті құжат. Қарсы тексерулерден өзге тексерулерді тағайындау туралы акті міндетті түрде құқықтық статистика бойынша органда міндетті түрде тіркеледі.

Тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетіледі:

- 1) актінің нөмірі және күні;
- 2) мемлекеттік орган атауы;
- 3) тексеруге бағытталған тұлғаның тегі, әкесінің аты, есімі және қызметі;
- 4) жеке кәсіпкерлікті тексеру субъектісінің атауы немесе тексеру тағайындалған жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты, оның орналасқан орны, сәйкестендіру нөмірі, жер телімі;
- 5) тағайындалған тексеру мәні;
- 6) тексеруді өткізу мерзімі;
- 7) тексеруге заңды негіз, соның ішінде тексеруге қатысы бар нормативті актілер, міндетті талаптар;

- 8) тексерілетін кезең;
- 9) тұлға қолы, уәкілетті актілерге қол қояды және мемлекеттік орган мөрі.

Сізді тексеруге келген тексеруші мына төмендегілерді орындауға міндетті:

- құқықтық статистика бойынша тіркеу туралы белгімен тексеруді тағайындау туралы акті;
- қызметтік куәлік;
- қажеттілігіне қарай, режимді объектілерге сәйкес органның келуіне рұқсат қағазы;
- тексеру парағы;
- қажеттілігіне қарай, медициналық рұқсат қағазы.

Тексеру парағы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне талаптары мен әрекеттерінің тізімін қосады және оны ешкімнің түзетуге құқығы жоқ! Басқа талаптар тексеру парағына қосыла алмайды!! Мемлекеттік органдар міндетті ведомстволық есептілік, **тексеру парақтарын, қауіп дәрежесін бағалау өлшемдері**, тексерулердің жарты жылдық жоспарын жасайды және бекітеді. Олар мемлекеттік органдарғы ресми сайттарында жарияланады.

### **Тексерушінің барлық құжаттарын мұқиятты түрде оқып шығыңыз!**

Тексеру тек тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген қызметтік тұлғамен ғана жүргізілетінін естен шығармаңыз!

Тексеруді жүзеге асыратын лауазымдық тұлғаларға тексеруге жатпайтын талаптар ұсынуға және ұсыныстар жасауға тиым салынады.

Кәсіпкердің тексеру жүргізу барысындағы міндеттемелері:

- тексеруші тұлғаның заңдылығы мен қызметтік куәлігін растайтын құжаттары болуы барысында объектіге кіруін қамтамасыз ету;
- тексерулер нәтижелері туралы қағазда немесе электронды тасымалдағышта не, актіге қатыстыру үшін көшірмелердегі құжаттарды, сонымен қатар деректердің автоматты қорына қолжетімділікті ұсыну;
- тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасын алу туралы белгі жасау.

Тексерушілер міндетті:

- 1) жеке кәсіпкерліктің РҚ заңнамасын, құқығы және заңды мүдделерін;
- 2) ҚР заңына сәйкес негізде тексерулер жүргізуге;
- 3) тексеру жүргізу кезеңінде жек кәсіпкерлік субъектісінің жұмысына кедергі келтірмеуге;
- 4) ҚР заңдарының талаптарының бұзылуының табылуы, шығарылуы және бойынша өзінің өкілдіктерін уақытылы орындап отыруға;
- 5) тексеру жүргізу барысында жеке кәсіпкер субъектісінің қатысуына кедергі келтірмеуге;
- 6) тексеруге қатысты қажетті ақпаратты жеке кәсіпкерлік субъектісіне ұсынуға;
- 7) тексерудің аяқталу күніндегі нәтижелер туралы актіні жеке кәсіпкерлік субъектісіне ұсынуға;
- 8) тексеру жүргізу нәтижелерінен алынған өқұжаттар мен мәліметтерді сақтау;

Тексеру жүргізу барысында ҚР заңнамасы болмаған болса, тексеру нәтижелері туралы актіге келесі сәйкес жазбалар жүргізілетін болады.

Кез-келген кәсіпкер **қатысулар мен тексерулер есебінің кітабын** жүргізуге құқылы. Қызметтік тұлғалар актіде көрсетілген тегі, қызметі және деректерімен өткізілетін әрекеттер туралы кітапқа жазба жүргізуге міндетті.

Қызметтік тұлғалардың жеке кәсіпкерге кедіргі келтіретін кез-келген әрекеттері жауапқа тартатынын білуіңіз керек.

Жеке кәсіпкер субъектісі қызметінің тоқтатылуы немесе тиым салыну сотқа шағым арызының мерзімі көрсетілуін міндетті ұсынуымен күнге дейін маңызды жағдайларда жол беріледі. Мұнда қызметті тоқтату немесе тиым салу туралы бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган актісі сот шешімін шығарғанға дейін жарамды болып табылады.

Мұнда жеке кәсіпкер субъектісінің қызметін заңсыз тоқтатуынан келтірілген барлық шығынның орны толтырылуға жатады Мемлекеттік органмен немесе оның қызметтік тұлғаларының жеке кәсіпкер субъектісін тексеру жүргізу тәртібін бұзу барысында орны толтырылуға ұсынылған шығын көлеміне кәсіпкерген тексеру кезінде келтірілген барлық шығын сомасын, сонымен қатар алынбаған пайда сомасы қосылуы керек.

Жеке кәсіпкер субъектісінің құқығы мен мүддесінің бұзылуы барысында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруда кәсіпкер сәйкес органға немесе жоғарғы мемлекеттік орғандағы қызметтік тұлғаға немесе сотта әрекеттерге шағым жасауға құқығы бар.





## Шарт дегеніміз не?

Азаматтық құқық пен міндеттемелерді орнату, өзгерту немесе тоқтату туралы екі немесе бірнеше тұлғаларының келісімі танылады. ҚР Азаматтық кодексінің 378-бабы.

Шарттың Тараптары жеке тұлғалар (ҚР, шет ел азаматтары), заңды тұлға, мемлекет бола алады.

Заңнамамен келісімдер мен шарттардың өте ауқымды түрлері кіреді.

**Біртапты** келісім бір тараптың ғана ыркы жеткілікті болатын келісім деп есептеледі.

Бір тарапты келісім жасайтын тұлғаға арналған міндеттемелерді жасайды. Ол басқа тұлғаларға олардың келісімімен ғана құрыла алады.

Мысалы, Сіз бір өзіңіз ғана компанияны құруды шештіңіз. Өзіңіз ғана оның жеке құрылтайшысы бола аласыз. Міне, бұл - бір тараптық келісім мысалы.

Шарт жасау үшін екі (**екі тарапты келісім**) не үш тұлғаның және одан да көп (**көп тараптық келісім**) тұлғалар келісімі болуы.

Жазбаша формада келісім жасалуы қажет:

1) кәсіпкерлік қызметті олардың орындалым сәтіндегі келісімнен өзге процесте жүзеге асырылатын;

2) олардың орындалуы сәтіндегі келісімнен өзге 100 есептік көрсеткіштен жоғары сомаға;

3) заңнамамен немесе тараптар келісімінен басқа жағдайларда.

Жазбаша түрде жасалған келісім тараптармен немесе олардың өкілдерімен қол қойылуы керек.

Жазбаша формада келісім жасауға хаттармен, жеделхатпен, факс немесе басқа құжаттармен алмасу да теңестіріледі.

Егер физикалық жетімсіздік, сырқат немесе сауатсыздық салдарынан азамат өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша басқа азамат қол қоя алады. Соңғының қолы нотариуспен немесе нотариалды әрекетін жасауға құқығы бар басқа тұлға болуы керек.

Келісімді жазбаша түрде жасағанды ұсынамыз, бұл сотта өзінің мүдделерін қорғауды сізге қамтамасыз етеді.

Егер келісім жасаған болсаңыз, басқа тараптан оның орындалымын растайтын құжатты талап етуіңізге болады. Келісім бойынша қаржылық құжаттар заңға сәйкес рәсімделуі керек, әйтпесе олар салық қызметінің есебіне қабылданбайтын болады.

Тараптардың заңнамасы және келісімімен келісім түрі сәйкес келуі қажет болатын қосымша талаптары орнатыла алады.

Кейбір жағдайларда жазбаша келісімдер олардың **нотариалдық куәләндырылуынан** кейін ғана жасалғаны толық деп есептеледі.

Сонымен қатар міндетті тіркеуге тиесілі және оған тиесілі емес келісімді (шартты) ажыратады.

Мемлекеттік тіркеуге жататын келісімдер олардың тіркелімінен кейін жасалған деп есептеледі.

Егер тіркеуді талап ететін келісімде тараптардың бірі тіркеуден бас тартатын болса, басқа тараптың талабымен сот келісімді тіркеу туралы шешім шығаруға құқылы.

Бір тарап өзінің міндеттемелерін орындағаны үшін төлем алуы қажеттігі бойынша шарт орны толтырылған болып есептеледі. Несиелік шарт орны толтырылу шартының мысалы болып табылады.

Бір тарап басқа тараптан төлем алмайқандай да бір затты жеткізуге міндеттелу бойынша жасалған шарт орны толтырылмайтын шарт деп танылады. Ақысыз қолдану шарты орны толтырылмайтын шарттың мысалы бола алады

Тараптар әр түрлі шарттар тармақтары бар шартты жасаса алады (аралас шарт).

Шарттың әр түрі шартта көрінуі міндетті түрде керек болатын сол немесе басқа талаптарға ие болады.

## Сату-сатып алу шарты

Сату-сатып алу шарты – жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сату-сатып алуы және тараптар құқығы келісілетін келісімді шарт. Мұнда сатып алушы сатушының ұсынысын қабылдайды. Сату-сатып алу шартын құру барысында екі тарап үшін екі маңызды міндеттемелері туындайды.

Сатушы сатып алушыға шарттың мәнін беруге және оған жек меншігінің құқығын қайта рәсімдеуге міндетті. Сатып алушы шарттың мәнін қабылдап алады және оның келісімді бағасын төлейді.

Сату-сатып алу шарты үшін жеке белгілі бір жазбаша формасы бар. Алайда сату-сатып алу шарттары мен жерді пайдалану құқығы мемлекеттік міндетті тіркеуге тиесілі.

Сату-сатып алу шартында келесілерді көрсету керек:

- тараптардың атаулары мен мекен-жайлары;
- беруге тиесілі шарт мәні немесе объектісі;
- сатып алынатын мүлік күйі;
- құны және төлем талаптары;
- өзінің меншігінің анық иесі екендігін және сатып алушыға тапсыратындығын сатушының растауы;
- шарттың құрылу орны, күні, тараптар қолы.

## Мердігер шарты

Мердігер шарты екі тараптар арасында жасалады. Мақсаты- жұмыс орындалуы және қызмет көрсету (ғимарат құрылысы немесе жабдық орнату). Еңбек шартына қарағанда, мердігер шарты бойынша тек жұмыс (қызмет көрсету) ғана емес, сонымен қатар шарттың орындалуы бойынша нәтиже де ұсынылуы керек. Атаулы шартты жасау барысында тараптардың екі негізгі міндеттемелері бар:

- Кәсіпкер белгіленген мерзім ішінде өзінің міндеттемелерін орындауы және тапсырыс берушіге лайықты түрде тапсыруы керек.
- Тапсырыс беруші орындалған жұмысты (қызмет көрсетуді) қабылдап алады және шартқа сәйкес ақысын төлейді.

Жазбаша шарт жасау ұсынылады. Ережеге сай, бұл шарт күрделі және көлемді.

## Еңбек шарты

Еңбек шарты- бұл жұмысшы мен жұмыс берушінің арасындағы келісім. Ол ерікті формада, ауызша болуы керек және екі тараптың келісімі бойынша құрылуы қажет (мыс, жұмысқа қабылдау). Атаулы жағдайда сонымен қатар жазбаша шарт құру қажет. Еңбек шарты келесі тармақтарды қарастырады:

- тараптардың атауы мен мекен-жайы
- еңбек қарым-қатынасының басы, сынақ мерзімі мен қызмет сипаты
- еңбегіне сыйақы
- жұмыс уақыты және жұмыстан тыс сағаттар



- еңбек демалысының ұзақтығы мен өндірістік процесстің міндеттемелері
- шартты бұзу мерзімі
- орны, күні және тараптар қолы.

## Жалға алу және мүліктік жалдау шарты

Жалға алу және мүліктік жалдау шарты – бұл мүлікті жалға беруші/жалға алушы белгілі бір кезеңге немесе белгісіз кезеңге жер телімін, тұрғын жай немесе өндірістік үй-жай және басқа да мүлкін ұсынатын шарттық қарым-қатынас. Мүлікті қолданғаны, жалға алға алу үшін ай сайынғы төлемдерін төлейді. Сонымен қатар орны толтырылмас негізде де қолдануы мүмкін. Шарттың мұндай түрлері тараптардың еркіндігін қарастырады. Шешімдісі тараптардың келісімділігі болып табылады. Жалға беру/мүліктік жалдаудың жазбаша шарты келесі тармақтардан тұрады:

- тараптардың атауы мен мекен-жайлары
- жалға алатын/жалдау объектісінің нақты атауы
- ай сайынғы төлем мен қосымша шығындар
- жалға алу/жалдау мерзімі, жалға алу/мүліктік қарым-қатынастың аяқталуы мен шартты бұзу мерзімі
- жалға алушының құқығы мен міндеттемелері
- тараптардың қайсысының өзіне күрделі жөндеуді және сонымен қатар косметикалық жөндеуді алатындығы туралы келісімшарт
- мүлікті жалға беру/қосалқы жалға беру мүмкін бе
- құрылыс жұмыстары мүмкін бе
- орны, күні мен тараптар қолы.

Өндірістік жалға беру/жалдау барысында шартты бұзудың ұсынылған мерзімі бір жыл.

Жалға алу шарты мүліктік алға беру шартынан ерекшелігі бар, мұнда алға беруші жалға берілген мүлкінің жанында оның пайдаланылымына пайда алуға құқығы бар. Мүліктік жалдау шартының талаптарына қосымша жалға беру шартында жалға беруші үшін жалға беру мерзімінің бәсекелестігін болдырмауға және осы мерзімнің жалға беруші үшін аяқталуы бойынша тармақтарын келісіп алғаны жөн.

## Қарыз шарты

Қарыз шарты – несие беруші мен қарызгер арасындағы екі тараптық келісім. Шарттың жазбаша формасы ұсынылады. Егер несие беруші банк болып табылатын болса, онда олардың орнатылған шарт үлгілері қолданылады. Сізге негізді түрде қарыз шартымен, сонымен қатар басқа да шарттармен танысып алғаныңыз жөн. Туысқандар және таныс адамдарыңыздан қарыз алу барысында шарттың жазбаша қорытындысы жеткілікті.

Қарыз туралы келісім өзіне келесі тармақтарды қосып алады:

- тараптардың атауы мен мекен-жайлары (заемщик және несие беруші)
- қарыз көлемі
- пайыздар және пайызды төлеу мерзімі
- қарыз сомасы мен оны өтеу мерзімі
- шартты бұзу
- орындалу орны мен заңды сотқа қаралуға тиесілілік
- шартты жасасу орны, күні және қолы.

## Кепілгерлік шарты

Кепілгерлік – бұл үшінші тұлғаның міндеттемелері бойынша несие беруші кепілгер алдында кепілгер сөз алатын шарттық қарым-қатынас. Кепілгер үшінші тұлғаның міндеттемелері бойынша, егер соңғысы шарт талаптарын орындамаса, толық немесе ішінара жауап береді. Егер несие берушімен оның міндеттемелерін қарызгермен соттық тәртіпте күштеп орындату қабылданбаған болса, онда кепілгер өзінің міндеттемелерін орындамауға құқығы бар. Егер

- ол өзіне экспромиссорлы (абсолютті) кепілгерлікті алса;
- қарызгер мүлкі конкурстық немесе сот өндірісінде болса;
- қарызгер енді бұл елде тұрмайтын болса, кепілгер осы құқығын пайдалана алмайды.

Экспромиссорлы (абсолютті) кепілгерлік барысында кепілгерге тікелей қарызгер қарыз бойынша жүгіну құқығына ие. Кепілгерлік барысында шығын туындағаны немесе кіріс төмендеуі жағдайында кепілгер несие беруші қарызгерден сол бөлігін ала алмағанының жауапкершілігін көтереді.



## Бақылау-кассалық машиналары не үшін қажет (БKM)?

ҚР территориясында сауда операциялары, жұмыс, қызмет көрсету бойынша қаржылық есептер бақылау-кассалық машиналары (БKM) міндетті қолданылуымен жүргізіледі. Қол ақшамен жұмыс істейтін барлық кәсіпкерлер дерлік клиенттермен есеп жасау барысында БKM болғаны және пайдаланғануы қажет.

**Бақылау-кассалық машиналары** –бекіту жадысының блогы бар арнайы электронды құрылғы және тауарлар, жұмыс, қызмет көрсету барысында жүзеге асырылатын ақшалай есептер туралы ақпаратты көрсетеді.

БKMдұрыс, анық болуы керек. Оның типі мемлекеттік реестрге тіркелуі керек.

Егер сіз қызмет төлемі бойынша сауда терминалымен жабдықталған компьютерлі жүйе болып табылатын БKM қолданатын болсаңыз, Сіз әр терминалды қолдану орны бойынша салық органына есепке тұруыңыз керек.

Шатырмен шығулар саудада қолданылатын БKM салық төлеуші тұрған мекен-жайы бойынша салық органына есепке қойылады.

Салық органдарына есепке бақылау-кассалық машиналарына өзге, компьютерлі жүйе болып табылатынБKM орнату үшін, Сіз салық органына мыналарды өткізуіңіз керек:

- 1) БKM-ны есепке қою туралы өтініш;
- 2) салық төлеуші туралы мәліметтері бар БKM;
- 3) дайындаушы зауыттың төлқұжаты;

4) салық төлеушімен қол ақша есебінің кітабы мен тауарлық чек кітабына тігілген, нөмірленген және қолмен және мөрмен бекітілген. Қол ақша есебінің кітабы – қол ақшаның, тауарлық чек, БKM белгілеу жадысының көрсеткіштеріндегі ай сайынғы айналымының журналы. Тауарлық чек кітабы - кітапқа енгізілген тауарлық чегінің жиынтығы. Кітапты салық органынан алуға немесе өзіңіз жасауыңызға болады. Кітапқа мұқиятты түрде қараған жөн – жақсылап толтыру, оның толтырылмы бойынша салық органдарының талаптарын сақтау.

Егер сіз компьютерлік жүйе болып табылатын БКМ қоятын болсаңыз, сіз салық органына мыналарды беруіңіз керек:

1) БКМ есепке алу туралы өтініш;

2) Компьютерлік жүйенің функционалды мүмкіндіктері мен сипаттамаларының қысқаша сипаты;

3) Салық органында компьютерлік жүйенің моделіне есепке қоюға арналған қойылым мен оған қолжетімділігін қамтамасыз етуге берілген «Салық инспекторының жұмыс орны» модулін қолдану бойынша нұсқаулық.

Өтінішті қабылдауды растау мыналар болып табылады:

1) Сұранымның екінші данасы салық төлеушіде қалатын тегі, аты, қызметкер қолы мен өтінішті қою күнін ұсыну жолымен салық органының қызметкерінің өтініш қабылдау туралы белгісі;

2) шығыс құжатының кіруін қабылдау мен беруі туралы мәліметтерін көрсететін таллон.

Компьютерлік жүйе болып табылатын БКМ есепке қою бойынша сіз міндеттісіз:

- компьютерлік жүйеде фиксальді жұмыс режимін орнатуға;
- БКМ тіркеу карточкасын беруге.

Алайда егер БКМ моделі мемлекеттік реестрде БКМ жоқ немесе ол ақаулы болса, онда олар тіркеу есебіне қояды.

БКМ пайдалану барысында салық төлеушінің жауапты тұлғасы (сатушы немесе кассир):

1) БКМ пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес тауар, жұмыс, қызмет көрсету құнын енгізу операцияларын жүргізеді;

2) Электр қуатының болмауы жағдайында немесе БКМ ақаулығында тауарлық чек толтырып береді;

3) Қол ақша есебінің кітабын толтырады;

4) Ауысым аяқталуы жағдайында БКМ моделінің дайындалу талаптарына сәйкес ауысым есебін (Z-есебін) шешіп алу жолымен «ауысым соңы» үдерісін орындайды.

Мөр немесе толық толтырылу күнінен 5 жыл ішінде сақталуы керек:

- ауысым есептері;
- қол ақша есебінің кітабы;
- товарлық чек себінің кітабы;
- күшін жою, қайтару чегі;
- күшін жою, қайтару операциялары жүргізілген чектер.

Қолданылатын терминалдардан өзге БКМ үшін ауысым кезеңі 24 сағаттан аспауы керек.

Терминалдармен жабдықталған БКМ үшін ауысым кезеңі салық төлеушімен белгіленеді және 1 айдан аспауы керек.

БКМ мына жағдайларда ақаулы болып саналады:

1) басып шығармайды, түсініксіз басады немесе бақылау чектеріндегі деректемелер толық басып шығарылмайды;

2) фискальді жадының деректерін алу мүмкіндігі жоқ;

3) салық органының пломбасы жоқ немесе зақымданған;

4) дайындаушы зауыттың таңбасы жоқ.

БКМ ақаулығы жағдайында сіз техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласуыңыз керек және егер жөндеу жүргізу салық органының пломбасын алмай жасау мүмкін болмаса, ақаулық себептері, жөндеу жүргізу мерзімі көрсетілген қорытындыны алыңыз. Осыдан кейін 3 жұмыс күні ішінде салық органына мыналарды беруіңіз керек:

1) БКМ тіркеу картасының нөмірі, күні көрсетілген өтініш және ақаулық болған күнінің есебіне сомалық көрсеткіштерінің есептегіші;

2) Жөндеу жұмыстарын жүргізу мерзімі мен ақаулық себептері көрсетілген техникалық қызмет көрсету орталығының қорытындысы.

Өтініш қабылдаған күні салық органы ақаулықтарын жою үшін, БКМ пломбасының тұтастығының бұзылуына рұқсатқа келісім бері немесе бас тару туралы шешімін қабылдайды.

БКМ салық органына пломба тұтастығының бұзылуына рұқсат еткен күннен 15 жұмыс күнінен артық болмайтын мерзімде жөндеуден кейін пломбаны орнатуға берілуі керек.

БКМ-нан өзге сіз БКМ тіркеу барысында салық органына өзіңіз тапсырған кітаптарға мұқиятты болуыңыз керек. ҚР Салық кодексінің 650 бабына сәйкес БКМ пайдалану барысында міндетті талаптар қол ақша есебінің кітабын толтыру мен салық төлеушінің жауапты тұлғасының есебінің басқа кітаптары болып табылады. БКМ пайдалану барысында салық төлеушінің жауапты тұлғасының қолма-қол ақша есебінің кітабын толтыру және басқа құжаттары бойынша талаптарын орындамау салық есебін жүргізуін бұзу болып табылады және әкімшілік жауапкерлікке тартылады.

Ауысым ішінде кассаға ақша салу және ақша алу жауапты тұлғаның операциясының уақыты мен сомасын және қолын көрсете отырып, қолма-қол ақшаның есебі кітапқа енгізіледі. Қолма-қол ақша есебі кітабының формасы 2008 жылдың 30 желтоқсанында ҚР Қаржы министрлігінің «Салықтық әкімшіліктің кейбір мәселелері туралы» №637 Бұйрығымен бекітілді. Кассадағы нақты сома қолма-қол ақша есебінің кітапта көрінген сомасына сәйкес болуы керек.

БКМ тіркеу карточкасында көрсетілген мәліметтерді өзгерту барысында сіз 5 жұмыс күні ішінде салық органын ескертуіңіз керек.

Жағдайларда:

- тіркеу карточкасын жоғалту (бүліну),
- тіркеу карточкасында көрсетілген мәліметтердегі өзгеріс,
- тіркеу карточкасында сәйкестендіру кодының болмауында салық органында тіркеу карточкасын ауыстыру жүргізіледі.

Жағдайларда:

- 1) қолма-қол ақша арқылы сауда операциялары, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету барысында жүзеге асырылатын ақшалай есептермен байланысты қызметтің тоқтауы;
- 2) егер мұндай өзгеріс басқа салық органына БКМ тіркеуді талап ететін болса, БКМ қолдану орнының немесе салық төлеушінің орналасқан орнының өзгерісі;
- 3) техникалық ақаулықтарға байланысты БКМ бұдан әрі қолдануының мүмкін болмауы;
- 4) мемлекеттік тіркеуден БКМ шығару;
- 5) ҚР заңнамасына қайшы келетін басқа жағдайларда сіз есептен БКМ шығаруыңыз керек.



## IV МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТ

### Маркетинг дегеніміз не?

Кез-келген бизнес сатып алушы табылған уақытта шығады. Пайда алу үшін, сіз өзіңіздің тұтынушыларыңыз сатып алатын тауарды ұсынуыңыз керек. Сізге оның қажеттілігіне қарағанда, өзіңіз сатып алуы туралы ойлайтындығын білгеніңіз маңызды. Сіздің тауар немесе қызметті сатпауыңыз керек, **керісінше қажеттілікті қанағаттандыруыңыз керек. Қажеттілік сұранысты құрылымдайды. Сіз тауар немесе қызмет ұсынасыз, тұтынушы – ТӨЛЕЙДІ!**

Сізге өзіңіздің бәсекелестеріңізге қарағанда қажеттілікті жақсырақ қанағаттандыра алуға үйренуіңіз керек. Ал бұл үшін сізгеі тқтынушы нені қажетсінетіндігін, оның тілегін, мұқтаждығын, мүддесін, ұнататындығын білуіңіз және түсінуіңіз керек. Бұдан өзге өзіңіздің тауарыңыз немесе қызметіңізді меңгеруіңіз, тауар түрін, сапасын, бейнесін бақылауыңыз, баға деңгейін игеруіңіз, қоймалауыңыз, тасымалдауыңыз, тұтынушылар тобын және сатылым әдісін анықтауыңыз, клиенттерге сатып алуына себеп болуыңыз керек.

Нарық **айырбасты** ұсынады – бір жеке меншік иесінен басқаға тауар қозғалысы. Сіз айырбасты жүзеге асыру үшін, **ЖҰМЫС ІСТЕУІҢІЗ** керек (мысалы, сіз клиент ақшасына адам қажеттілігі және мұқтаждығын қанағаттандыру үшін қолданылатын тауарды айырбастайсыз).

**Маркетинг** – бұл тауар және қызмет көрсету нарығының білімі және сіздің өзіңізге және сіздің клиенттеріңізге тиімді айырбас құру үшін қабылдауыңыз керек болатын әрекеттер.

Қабылдауы қажет болатын бірінші әрекет – **бизнес-идеяны** табу. Екінші шешім – **нақты нарық пен нақты территориядағы ағымдағы жағдайлар талдауы**. Үшінші шешім – **тауар немесе қызметті қалай сату**.

Айналаңызға оймен талдау жасағаннан кейін, Сіздің өніміңізді және Сіздің қабілетіңізді өтім нарығына бағыттауыңыз керек. Маркетинг тек ісіңіздің ашылғандығы туралы жарнамамен немесе назар аудару үшін, парақшалар таратумен шектелмейді. Маркетинг - бұл жарнамадан да үлкен дүние. Бұл - нарықтағы оңтайлы мүмкіндіктерді жоспарлы іздеу және уақытылы тану. Маркетинг тек ірі кәсіпорындарға ғана қажет емес. Нақты шағын және орта бизнес кәсіпорны олардың икемділігінің арқасында, егер олар уақытылы табылған болса, нарықтық өзгеріске тез уақытта әсер бере алады.

Егер сіз мақсатыңызды нақты айқындаған болсаңыз, белсенді маркетингті қызметтің мағынасы бар. Іс-шараларды өткізумен сіз неге қол жеткізгіңіз келеді? Мұндай мақсаттарды жеке өндірісте немесе жеке клиенттерде, түсімді арттыру, жаңа сатып алушыларды тартуда айналымның белгілі бір өсімі ретінде өлшенетін фактілермен көрсетуге болады. Алайда мұндай мақсаттар танымалдықтың жоғарғы дәрежесі мен жақсы бедел сияқты өлшенбейтін ауқымымен көрінеді.

## Маркетинг құралдары

Кәсіпкер ретінде сіз нарықтың алдына шығатын және алдыңызға қойған мақсатқа қол жеткізе алу көмегімен құралдарды орналастырасыз. Сіздің әрекеттегі құралдарыңыз мыналар болып табылады:

- **Өнім және өндіріс бағдарламасы:** сіз нарық тауашасына түсетін өзіңізге ассортиментті анықтап аласыз. Сіз клиенттерге өнімді «бір қолдан» тікелей ұсына алатындай деңгейге өз өндірісіңізді қойыңыз. Сізге Өзіңіздің сатып алушыларыңыздың ұнатуына қарай ыңғайлануыңыз керек. Өзіңіздің ассортиментіңізді, жаңа және болашаққа бағдарланған өнімдеріңізді толықтырыңыз. Қатаң бәсекелестік немесе жоғары өндірістік ұсталымдар күшіндегі түсім әкелетін тауарды өз бағдарламаңыздан шығарыңыз.

- **Бағалар мен талаптар:** клиент үшін баға анықтаушы болып табылады, алайда тауарды таңдау барысында дара өлшем болып табылады. Көптеген тауарлар, әсіресе жоғары сапалы өнімдер (люкс-өнімдер) қымбат болғанына қарамастан, сатылып алынады, кейде тіпті, олар қымбат болғандықтан да, сатылып алынады. Баға саласында өзіңіздің өніміңізге қосымша пайда беріп немесе тауарды төмен бағаға емес, қол жетімді бағамен саудалап, таза бәсекелестіктен бас тартыңыз.

- **Жарнама және өтімді ынталандыру:** осы құралдарды қолдану жолымен аздаған тиімділікке қол жеткізуге болады (13-тарауды қар.).

- **Өтім формасы:** Кәсіпорын өздерінің клиенттерімен тікелей жұмыс істеп немесе ірі және шағын көтерме саудалық тауарлы фирмалар арқылы өзінің өнімін ұсына алады. Жаңа өтім формасына қатысты франчайзинг болып табылады.

- **Сервистік қызмет көрсету:** жақсы ұйымдастырылған сервистік қызмет көрсету орындары ұзақ уақыттар бойы клиенттерін ұстап тұра алады. Сервис жоғары сапалы өнімдер сатып алуда немесе қызмет көрсету барысында аса маңызды рөл атқарады.

Маркетинг құралдары арасындағы айырмашылықты жақсы түсіне алуыңыз үшін, кейбір анықтамаларды келтірейік:

**Жарнама** — бұл тауар және оның қасиеттері туралы тұтынушыларды көбірек ақпараттандырудың жеке емес ұсыным формасында демеушімен төленіп ұсынылған идеялары, тауарлар және қызметтері және аса тиімді құралы.

**Өтімді ынталандыру** — бұл жеке өнімдерді сатуды жеделдету немесе арттыруға бағытталған қысқамерзімді ынталандырғыш құралдар.

Егер жарнама тауарды сатып алу пайдасының дәлеліне алып келетін болса, онда өтімді ынталандыру мұның неге тезірек жасау керектігіне түсінік береді.

Өтімді ынталандыру ықпал етеді:

- жаңа тауарды нарыққа сәтті енгізуге;
- тауарға шынайы берілуді құруға;
- сатылым көлемін қысқамерзім ішінде арттыру және тауарлық қорды төмендетуге;
- сатып алу жиілігін арттыруға;
- нарыққа жаңаларын шағарар алдында тауардың ескірген түрлерінен азат етуге;
- өндіруші мен сатушылар арасындағы серіктестікті арттыруға.

**PR (public relations)** — фирма аса сәтті жұмыс жасау үшін және оның беделін арттыру мақсатында қоғамдық пікірді ұйымдастыру.

Қоғамдық пікірді құрудың негізгі әдістері

• Жаңалықтар немесе пресс-релиздер баспа өкілдерімен берілетін бір- екі бетті көлемдегі баспа ақпаратын танытады.

- Демеушілік қолдау
- Мақалалар. Мақалаларда пресс-релиздерге қарағанда нақты ақпарат беріледі.

Кәсіпкерлердің бірде-бірі маркетинг құралдарын жекелей қолданбайды. Маркетингті саясат жеке құралдарды – «аралас маркетинг», немесе «маркетинг-микс» деп аталатындарды парасатты және құрылымды қолдануды талап етеді. Маркетинг құралдарының ішінен бірі нарықта сәйкес позицияға байланысты үнемі үстем мәнге ие. Маркетинг құралдарын келісімді қолдану қажет.

Маркетинг – бұл сіздің ұзақ мерзімді міндетіңіз. Нарық үнемі өзгеріп отырады. Клиенттердің тірегі, нарық жағдайлары өзгереді, жаңа бәсекелестер табылады. Сіз нарықты зерттемей, жетістікке қол жеткізе алмайсыз. Сізге өзіңіздің айналаңыз туралы ақпарат қажет:

- клиенттер туралы ақпарат,
- бәсекелестер туралы ақпарат,
- нарық жағдаяты туралы ақпарат,
- техникалық даму туралы ақпарат.

Нарық дамуын бақылаңыз және Сіздің кәсіпкерлік саясатыңызды сәйкес өзгеріске бағыттаңыз. Өзіңіздің ісіңіздің нәтижелерін бақылауда ұстауыңызды еш уақытта ұмытпаңыз. Осылайша, Сіз өзіңіздің шешіміңіздің дұрыс-бұрыстығын түсіне алатын боласыз және мүмкін болатын қателерді ұғына аласыз.





## V КӘСІПКЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚАРЖЫ

Жеке кәсіпкерлікті ашу бүгінгі таңда жеке қаржылық мүмкіндігіңізден асатын ірі капиталды салудың үлкен жағдайларын талап етеді.

Егер өзіңіздің жеке капиталыңыз жеткіліксіз болса, басқа жақтардан қаржы тарту есебінен тиімді қаржыландыру туралы ойлану қажет.

### Қаржыландыру жағдайындағы қарапайым қателер:

Негізгі себеп—қаржыландыру қателері:

- жеке капиталдың тым аз сомасы;
- банкке уақытылы бармау;
- инвестицияны қаржыландыруға арналған контокоррентті несиесі қолдану;
- жеткізушілерге үлкен тәуелділік;
- қаржыландырудың қоғамдық көзін қолданбау;
- капиталдағы қажеттілікті жеткіліксіз жоспарлау;
- «мәселесіз» және «арзан» несие деп аталатындарды ойланбай алу.

Кез-келген негізгі қаржыландыру, сонымен қатар жаңа бастап келе жатқан кәсіпкерлердің қызметтерін қаржыландыру үшін, жеке ақшалай қаражаттар болуы керек.

Жеке ақшалай қаражат бірінші кезекте капиталды алыс-беріс қажеттілігінің кезігін төмендетеді. Сіздің жасап отырған кәсіпорныңызды қаржыландыру туралы Сіздің банкіңізбен келіссөздер жүргізгеннен кейін ғана Сіз жеке қаражаттың маңызды функцияға ие екендігіне көзіңіз жетеді:

- Қауіпсіздік және тәуекелден қорғалым қаржылары.
- Жеке капиталдың қажетті минимумының болуы төлемге қабілетсіздік немесе үлкен қарыз түзілуіне және сонымен банкроттыққа шағын жоғалтулар алып келмеуін қамтамасыз етеді.
- Несиеге қабілеттілік бағаларының өлшемдері

Сіз жеке ақшалай қаржыңызды көбірек салатын болсаңыз және өзіңіздің жалпы инвестицияңызға өз капиталыңыздың үлесі де соншалықты жоғары болады, несиелік мекемелермен келіссөздер жүргізу барысында Сіздің күйіңіз де жақсырақ болады.

Сіздің өзіңіздің жеке капиталыңыздың мейлінше аз сомасы қандай болуы керек? Жеке капиталдың мейлінше төмен үлесінің бір мәнді шегі жоқ. Мысалы бизнесті қолдау үшін, мемлекеттік қаржылық көмегін қолданғыңыз келсе, кәсіпорынға өзінің жеке қаражатының "белгілі бір үлесін" салуы керек. Жеке ақшалай қаржының үлесінің мысалдық көлемі ретінде кем дегенде инвестициялық шығынның жалпы сомасынан 20% бағдарлау керек.



## Жеке салымдармен іс қалай болады?

Жеке салымдар белгілі бір көлемде болуы мүмкін, алайда олар қайта бағаланып отырады. Қайта бағалау барысында олар қымбат қосымша қаржыландыруға немесе төмен өтімділікке алып келеді. Бір жағынан жеке капитал салымы кәсіпорынның қайта құрылымы немесе кеңейтілуі саласында алыс-берісті капиталдың қажеттілігін төмендетеді.



## Несие түрлері

Сіздің жеке ақшалақ қаржыңызбен және жеке салымыңызды реттеп болғаннан соң, Сіз өзіңіздің кәсіпорынды құру бойынша жоспарларыңызды толық қаржыландыру үшін, қарыздық капитал, яғни несиелер қажет болатынын көресіз.

## Инвестициялық несиесі

Инвестициялық несиесі кәсіпорынның негізгі капиталын қаржыландыру үшін қызмет етеді (ғимарат/құрылым, станоктар, автокөліктер және т.б.).

Қазақстанда ортамерзімді инвестициялық несиелер беріледі (5 жылға дейін). Батыс өнеркәсіптік – дамыған елдерде 20 жыл мерзіміне беруі әдеттен тыс болып табылады.

Аннуитетті көмек қарызында несиесі бойынша төлемдер (пайыздар мен негізгі төлемдер) барлық қызмет ету мерзімінде өзгеріссіз қалады. Мұндағы басымдылық негізгі қарыз қалғанына пропорционалды төленетін сомаларда, көмек қарызына қарағанда, бастапқы жылдары төмен болатындығында жатыр. Осындай көмек қарызының арқасында Сіз өзіңіздің кәсіпкерлігіңіздің қалпына келу кезеңіндегі қиындықты жеңіл өткере аласыз.

Негізгі қарыз қалдығының өтелетін пропорционалды сомасындағы қарыз көмектерде өзіңіз салу керек болатын жарна бастапқы жылдары (пайыздар мен негізгі қарыз) аннуитетті көмек қарыздарда жоғары, ал кейін жарна сомасы азаятын болады. Көбінесе бұл жүргізілген инвестициядан кіріс қисығына сәйкес келеді: бастапқы жылдары жоғары пайда, кейінгі жылдары кірістің азаюы.

## Контокоррентті несиесі (овердрафт)

Контокоррентті несиесі (овердрафт) ағымдағы іскерлік қатынастар мен төлемдерде қызмет етуге арналған. Осы «ағымдағы шот» арқылы ақшалай қаражаттардың барлық есептелулері жүргізіледі, чектер жаздырылады және банкке белгілі бір операциялар жасауға ұзақ мерзімді тапсырмалар беріледі. Сіз осы несиесімен белгілі бір келісілген соманы еркін жұмсай аласыз. Мұндай несиесі бюрократтық желілер мен икемдерден ауырлық келтірмейді. Пайыздар тек нақты несиесі алған сомаға есептеледі. Контокоррентті несиесі қысқамерзімді қаржыландыруға, яғни айналым қаржыларын қолдануға арналған.

## Жеткізушімен берілетін несиесі (коммерциялық несиесі)

Несиенің ең оңтайлы түрі - жеткізушімен берілетін несиесі. Оған ресми түрде сұрау салу керек, ол сенімділік нәтижесіне берілмейді. Мұндай жеткізушімен берілетін «несиесі» Сіз төлемді тауар немесе қызмет көрсетуді алу барысында емес, кейін жүргізуіңізбен туындайды. Жеткізуші Сізге барысында ережеге сай 30 күн құрайтын төлем уақытын ұлғайтқан мүмкіндік береді. Егер Сізде бірнеше жеткізуші болатын болса, онда сіздің Несиеніңіздің аясы едәуір кеңейетін болады.

Бастапқыда жеткізушімен берілетін несиенің ешқандай құны жоқ сияқты!

Төлем талаптары «Сконтонның 3% есебімен шот алғаннан кейін, 10 күн ішінде немесе бұл бағасын кемітусіз 30 күн ішінде төлемін білдіретіні туралы ойладыңыз ба және егер сіз сконто есебіңіз 30 күн ішінде төлем жасаса сіз қандай пайызды қабылдайсыз?

## Лизинг

Лизинг үнемі қызығарлық баламалы қаржыландырудың рөлін атқарады. Лизинг – бұл болашақта алуға мүмкін болатын өндірістің негізгі қаражаттарының жалға алу формасы, алайда бұл негізгі алғышарт бола алмайды.

Осымен қатар лизингтің қаржыландыру сипаты бар, алайда оны барлығы ескеруге болмайды

## Басымдылық

- Өз капиталыңыздың үнемділігі;
- Көмек қарыз қаржыландырылуының несиелік желісін сақтау;
- Несте және көмек қарызының шекті сомаларын алуға кепілдікті қамтамасыз етулі сақтау;
- Өтемпаздықтан босату;
- Есептердің сенімді базасын құру.

## Кемшіліктері

- Үнемі ұсталым артуы;
- Шарт жасаудағы қиындық;
- Лизинг нарты бойынша ұзақмерзімді міндеттемелер;
- Жоғары қосымша шығындар (сақтандыру және т.б.).

## Лизинг қай уақытта тартымды?

- Жоғары пайдада;
- Кәсіпорын кеңейткенде;
- Елеусіз өзіңіздің қаражаттарыңызда.

## Несие қанша тұрады?

Несиенің құны өзіне тек қана пайыздарын қоспайды, ол көптеген ықпалдарға ұшырайды:

- пайыздық мөлшерлеме;
- көмек қарызды өтеу мерзімі;
- негізгі қарызды өтеуден босатылған мерзім;
- төлем жиілігі (жарна саны);
- төлем мерзімі (сіз жарна төлейтін күн);
- пайыз есебі (пайыздық үлестің, жарнаның жоғарылағандығы анықталған сәт);
- өтеу есебі (өтелетін үлесінің негізгі қарыздан қалғанына есептелетін сәті);
- комиссиялық сыйақы;
- шет ел валютасында несие курсының айырмашылық тәуекелі;
- ұсталымдар/қосымша шығын.

Несиені тек қана пайыздық мөлшерлемеден есептемеу керек, сонымен қатар несие ұсынылымының талаптарын да назарға алған жөн.

## Банктік несие не үшін қажет?

Бизнестің қалыптасу кезеңінде сіздің тұрғын үйіңіз кеңсе немесе қойма сияқты, мобилді телефон – жеке мақсаттарға, сонымен қатар кәсіпкерлік мақсаттарға қолданылуы мүмкін, ал тауарды сатудан түскен пайда – сіздің отбасыңызды азықтандырады. Алайда тәжірибелі және сауатты кәсіпкер «кәсіпорын мүлкі» мен жеке мүлкінен, «кәсіпкерлік пайдасынан» жеке кірістің арасына бөлек есептер жүргізеді.

Несиелік ресурстарды тартудағы қажеттілік кез-келген кәсіпкерде, тіпті табысты кәсіпкердің өзінде де туындайды. Біреулерге несие ағымдағы мәселелерін шешу үшін, басқаларға бизнесті дамытуға, үшіншілерге – өзінің бизнесінің кірістілігін арттыруға қажет болады.

